

3

Жауапкершілік
өмірлік ұстанымына
айналған тұлға



4

Білікті маман
даярлауға
бейімделу қажет



Сыр бойы

№19-20 (20895-20896)

8 ақпан, сенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

ІСКЕРЛІК АХУАЛДЫ ЖАҚСARTY – ЕҢ БАСТЫ МАҚСАТТЫҢ БІРІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев отандық бизнес өкілдерімен кездесті. Еліміздің бизнес қоғамдастығымен өткен кездесу мемлекет пен экономиканы дамытуға үлес қосып жүрген кәсіпкерлердің мақсат-ниеті бір екенін көрсетті. Президент айқындаған стратегиялық міндет – экономиканы нығайту арқылы Қазақстанның өңірдегі көшбасшылық рөлін сақтау және күшейту. Мемлекет басшысының пікірінше, бұл міндет ұлттық идеяның маңызды элементіне айналуға тиіс.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі заманның басты мәселелерін шешу жолында Қазақстан жана көзқарастар мен тәсілдер дәуіріне қадам басқанын, ал ескірген стереотиптер өткеннің еншісінде қалғанын атап өтті. Сондықтан еліміз түбегейлі өзгеріп, жаңа жағдайға бейімделуі керек.

Президент мемлекеттің болашағы, соның ішінде өскелең ұрпақтың келешегі осы мәселенің шешіміне тікелей байланысты деп санайды. Оның айтуынша, ірі инфрақұрылымдық және өнеркәсіптік жобалар, цифрландыру мен жасанды интеллект, көлік және логистика салалары экономиканы дамытудың басым бағыттарына айналуға тиіс. Бұл ретте шағын және орта бизнесті қолдау мәселесі ұдайы Үкімет назарында болады.

Қасым-Жомарт Тоқаев алға қойылған міндеттерді шешу жолында мемлекет пен ірі кәсіпорын иелерінің арасындағы

нәтижелі серіктестіктің маңызды екенін атап өтті.

– Ірі бизнес болмаса, Қазақстан экономикасының әлеуетін толық ашу мүмкін емес. Бізге экономиканың дамуын жана деңгейге көтеру үшін инфрақұрылым, индустрия, цифрландыру және басқа да салаларда серпінді әрі ауқымды жобалар қажет. Мұны іске асыруға ірі бизнесмендердің шамасы жетеді. Сіздерде оған қажетті қаржы да, мамандар да, ең бастысы, білім мен тәжірибе де бар. Бұл ретте инвестиция салуға тартымды дәстүрлі салаларға мән беріп қана қоймай, табыс әкелетін жаңа бағыттарды қарастырып жөн. Қазіргі геосаяси жағдай мен әлемдік сауда конъюнктурасын ескерсе, көлік-логистика саласының орасан зор әлеуеті елеусіз қалып жатыр. Теміржол, автомобиль және әуе арқылы жүк тасымалына сұраныс артып келеді. Іс жүзінде, аталған сектор



бастады. Кейбір шолушылардың айтуынша, пайдасы да мол. Болашағы зор тағы бір сала – туризм. Шетелдіктер Қазақстанның тұрса табиғатына, халқымыздың салт-дәстүрі мен тарихи мұрасына ерекше қызығушылықпен қа

райды. Бірақ отандық туризмнің әлеуеті зор десек те, нақты іске келгенде бұл салада олқылықтар мен кемшіліктер көп. Сондықтан Үкімет туризмді дамытуға мейлінше көбірек инвестиция тарту үшін қосымша шараларды ұсынады, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, еліміздегі іскерлік ахуалды жақсарту – ең басты мақсаттардың бірі.

– Квазимемлекеттік сектор субъектілерін құруға мораторий енгізілді. Реттелетін сатып алуларға бизнес өкілдері өтінім

берген жағдайда, оған мемлекеттік кәсіпорындардың қатысуына заң жүзінде шектеу қойылды. Бизнесті негізсіз қыспаққа алудан және салалық органдардың заңсыз тексеруінен қорғау үшін жүйелі жұмыс қолға алынды. Қылмыстық кодекстің бес бабы ізгілендірілді. Екі бап бойынша қылмыстық жауапкершілікке тарту талаптары жоғарылады, экономикалық құқықбұзушылықтың 29 түрі бойынша тұтқындауға тыйым салынды. 2022 жылдан бері кәсіпкерлік саласында тіркелген қылмыстық істердің саны екі есе қысқарды. Бұдан бөлек, кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласқаны үшін әкімшілік жауапкершілік күшейтілді. Инвесторларды негізсіз тексерудің, оларға айыппұл салудың алдын алып, рұқсаттама беруге кедергі келтірмес үшін «прокурор сүзгісі» енгізілді. Бүгінде прокурорлар инвестор құқығын бұзатын 700-ден аса фактіге тосқауыл қойды. Мұның бәрі бизнестің құқығы мен заңды мүддесін қорғауға зор ықпал етті, – деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы Үкіметке қосымша күн салығы мәселесін тағы да пысықтауды тапсырды.

2-бет

/// ПІКІР-ПАЙЫМ

ТИІМДІ ЖОЛ ТАБУДЫ ТАПСЫРДЫ

Құн салығын көтеру көлеңкелі экономиканың үлесін арттырып, инфляцияның өсуіне әкеп соқтыруы ықтимал. Оның мөлшерлемесін 20%-ға дейін жоғарылату, сол арқылы бюджетті толықтыру мемлекеттік органдар тарапынан қаралады да, бірақ бизнестің және жалпы барлық азаматтардың пікірі ескеріле бермейді. Бұл мәселеге халық та алаңдаулы еді. Енді тағы қымбатшылық белең ала ма деген уайым да жоқ емес-ті.

Мемлекет басшысы отандық бизнес өкілдерімен кездесуінде кез келген реформаны жан-жақты сараптап, байыппен жүргізген жөн екенін айтты. Экономика салаларының ерекшеліктерін ескере отырып, түрлі нұсқаларды әзірлеу керектігін де алға тартты. Үкіметке түпкілікті шешімді білікті сарапшылар мен

кәсіпкерлердің, депутаттардың пікірін ескере отырып қабылдауды ұсынды.

Бізге салықтың түр-түрі бар. Шағын кәсіп иелеріне төлеу оңай емес. Сондықтан Үкімет мөлшерлемені тағы бір қарау қажет. Президент бұл жерде барынша оңтайлы шешім шығаруға шақырды. Демек, мемлекетке де, кәсіпорын иелеріне де тиімді болу керек. Бір жағынан бизнес жүргізуге кедергі келтірмей, қолайлы жағдай жасайтын, ал екінші жағынан, салыққа қатысты тәртіпті күшейтіп, бюджет кірісін арттыратын тиімді жолды табуды тапсырды.

Жаңабай БЕКШЕВ,
«Квант» ҚМЗ» ЖШС басшысы,
облыстық кәсіпкерлер палатасы
өңірлік кеңесінің мүшесі

КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ КӨҢІЛІНЕ ДЕМЕУ БОЛДЫ

Мемлекет басшысы отандық бизнес өкілдерімен кездесуде Үкіметке қосымша құн салығы мәселесін қайта қарауды тапсырды.

«Үкіметтің қазіргі ұсынып отырған мөлшерлемесі тым жоғары. Сіздер нақты цифрды айттыңыздар. Оны қоғам қызу талқылады. Тіпті, кей жағдайда артық сөздер де айтылды. Дегенмен, бұл қоғам талқысына алдын ала салынған ұсыныс болатын. Тағы қайталап айтамын, Үкіметтің бұл бағыттағы жұмысы бизнес, қоғам, кәсіпкерлер, сарапшылардың, яғни барлық тараптың пікірі ескеріле отырып жалғасуы керек. Биыл нақты шешім қабылдануға тиіс. Мен бұған дейін де айттым: Үкімет бұл мәселені депутаттармен және сарапшылармен егжей-тегжейлі талқылауы керек. Бүгін айтылған ой-пікірлер де ескеріледі. Мемлекетке барынша оңтайлы шешім қажет. Яғни бір жағынан бизнес жүргізуге кедергі келтірмей, қолайлы жағдай жасайтын, ал екінші жағынан, салыққа қатысты тәртіпті күшейтіп, бюджет кірісін арттыратын тиімді жолды табуымыз қажет» – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің тапсырмасы кәсіпкерлердің көңіліне кішкене болса да

демеу болуда. Құн салығының көбеюі халықтың әл-ауқатына тікелей әсер ететінін ескерсек, бұл реформа тиімсіз. Себебі егер салықты көбейтсе, тауар қымбаттайды, инфляция шарықтайды, әлеуметтік теңсіздік туындайды. Осылайша халықтың әл-ауқаты төмендеген соң орта бизнес өкілдері бәсекеге түсе алмайды. Мысал келтірсем, бір жейденің құны 4000 тенге болса, қазіргі 12 пайыздық қосымша құн салығымен есептегенде тұтынушы оны 4480 тенгеге сатып алады. Бұл жердегі 480 тенгені кәсіпорын салық ретінде мемлекетке төлейді. Демек, қосымша құн салығының көрсеткіші тауар бағасының құбылуына тікелей ықпал етеді. Бұл жерде айналып келгенде күш тұтынушының қалтасына түседі.

Сондықтан ең бірінші халықтың жағдайын ойлауымыз керек. Президентіміз дұрыс айтты, бизнес жүргізіп отырған кәсіпкерлерге кедергі болмай, олардың дамуына қолайлы жағдай жасай отырып, тиімді әдіс табу қажет. Сонда ғана біздің экономикамызда алға жылжу болатыны сөзсіз.

Ділмұхамед АБЫЗОВ,
«Datalatex» ЖШС директоры

/// САПАР

БІР КҮНДЕ ЕКІ СПОРТ КЕШЕНІ АШЫЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жұмыс сапарымен Қармақшы ауданына барды. Аймақ басшысының қатысуымен ІІІ Интернационал және Дүр Оңғар ауылдарында спорт кешендері ашылды. Салтанатты шараға жауапты сала басшылары, еңбек ардагерлері, зиялы қауым өкілдері мен ауыл тұрғындары қатысты. Облыс әкімі тұрғындарды жаңа нысандардың ашылуымен құттықтап, Сыр спортындағы жаңалықтарға тоқталды.

– Бүгін берекесі мен бірлігі жарасқан Қармақшы ауданында жана спорт кешендерін ел игілігіне табыстауға жиналды.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы XXXIII жазғы Олимпиада ойындарының жүлдегерлерімен кездесуде: «Бұқаралық спортты дамыту арқылы біз кәсіби спортқа жол ашамыз және ең бастысы, ұлт саулығын жақсартамыз» деген болатын.

Бұл бағытта облыс тұрғындарының спортпен шұғылдануына қолайлы жағдайлар жасалуда.

Өткен жылы қазан айында Қызылорда қаласында «Үстел теннисі орталығы» іске қосылды. Халықаралық стандарттарға сай келетін 11 мың орындық «Орталық стадион» салынууда. Нысан биыл мамыр айында пайдалануға беріледі.

Жақын күндері Қызылорда қаласында 19 млрд тенгеге көпбейінді «Қызылорда Арена» және 2 млрд 900 млн тенгеге денешынықтыру-сауықтыру кешендерінің құрылысы басталады.

Қармақшы ауданында спорт саласындағы жұмыстар жолға қойылған. Қазіргі таңда аудандағы спорт мектептерінде 3 мыңға жуық жастар мен жасөспірімдер спорттың барлық түрлерімен тұрақты шұғылдануда.

Өткен жылы аудан спортшылары республика чемпионаттарында 18 алтын, 25 күміс, 18 қола, Азия чемпионатында 1 алтын, 1 күміс, 3 қола, Әлем чемпионатында 1 қола медаль иеленді.

Халқымызда «Дені сауың – жаны сау» деген жақсы сөз бар. Сыр елі жастарының спортпен шұғылданып, байрақты бәсекелерде, дүбірлі додаларда топ жаруына заманауи үлгідегі спорт нысандарының тигізер үлесі зор.

Бүгін ашылған жаңа спорт кешені ауыл тұрғындарын салауатты өмір салтын ұстануға үндейтін, жастарды бұқаралық спортқа тартатын тәрбие ошағы болсын дейміз.

Жаңа спорт ғимараттары құтты болсын! – деді облыс әкімі.

Салтанатты шарада спорт саласының қызметкерлері мен ардагерлеріне облыс әкімінің Алғыс хаты табысталды. Қоғам қайраткерлері, Қызылорда облысының Құрметті азаматтары Бекмырза Еламанов пен Биғали Қаюпов құттықтау лебіздерін жеткізді.

Жаңадан ашылған спорт кешендері 120 адамға арналған. Кешендерде қазақ күресі, дзюдо, шахмат және тоғызқұмалақпен шұғылдануға арналған жаттығу залдары бар.



Суреттерді түсірген Бағдат Есжанов

Валюта бағамы

\$ 511,18 kzt

€ 530,60 kzt

₸ 5,28 kzt

Ауа райы:

Сенбі

☀ -2°

☾ -14°

Жексенбі

☀ -2°

☾ -5°

ІСКЕРЛІК АХУАЛДЫ ЖАҚСARTY – ЕҢ БАСТЫ МАҚСАТТЫҢ БІРІ

– Кез келген реформаны жан-жақты сараптап, байыппен жүргізген жөн. Экономика салаларының ерекшеліктерін ескере отырып, түрлі нұсқаларды әзірлеу керек. Қосымша құн салығына қатысты бұған дейін көзқарасымды білдірмеген едім. Өйткені қызметтік дәрежеме сәйкес, менің әрбір сөзім, пікірім қатаң тапсырма сияқты қабылданады. Соған қарамастан бұл мәселе бойынша ойымды жеткізгім келеді. Қалай десек те, қосымша құн салығының мөлшерлемесі сараланып белгіленуге тиіс. Үкімет түпкілікті шешімді білікті сарапшылардың, қайталап айтамын, білікті сарапшылар мен кәсіпкерлердің, әлбетте депутаттардың пікіріне құлақ аса отырып, нақты есептеулер негізінде қабылдағаны дұрыс. Бір анығы, Үкіметтің қазіргі ұсынып отырған мөлшерлемесі тым жоғары. Сіздер нақты цифрды айттыңыздар. Оны қоғам қызу талқылады. Тіпті, кей жағдайда артық сөздер де айтылды. Дегенмен бұл қоғам талқысына алдын ала салынған ұсыныс болатын. Тағы қайталап айтамын, Үкіметтің бұл бағыттағы жұмысы бизнес, қоғам, кәсіпкерлер, сарапшылардың, яғни барлық тараптың пікірі ескеріле отырып жалғасуы керек. Биыл нақты шешім қабылдануға тиіс. Мен бұған дейін де айттым: Үкімет бұл мәселені депутаттармен және сарапшылармен егжей-тегжейлі талқылауы керек. Бүгін айтылған ой-пікірлер де ескеріледі. Мемлекетке барынша оңайлы шешім қажет. Яғни бір жағынан бизнес жүргізуге кедергі келтірмей, қолайлы жағдай жасайтын, ал екінші жағынан, салыққа қатысты тәртіпті күшейтіп, бюджет кірісін арттыратын тиімді жолды табуымыз қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы еліміздің қаржылық тұрақтылығын жетекші рейтинг агенттіктерінің болжамдары растап отырғанына назар аударды.

– Кейбір «сарапшылар» айтып жүргендей, ел экономикасының жағдайы соншалықты мүшкіл деген пікірмен келіспеймін. Салымыз суға кететіндей күйде емеспіз. Бірақ босансуға да болмайды. Иә, экономикада 4,8 пайыздық өсім бар. Үкімет отырысында мұның Қазақстан үшін жеткіліксіз екенін айттым. Үкімет дамудың жаңа даңғылын іздеуі керек. Бұл ретте бизнес қоғамдастықтың рөлі үлкен. Халықаралық қаржы ұйымдары мемлекеттік қарыз деңгейін «аса жоғары емес», яғни басқаруға икемді деп бағалап отыр. Қарызды басқару саясаты бекітілген қаржылық шектеулерді қатаң сақтау арқылы жүргізіледі. Кіріс деңгейін арттыру есебінен бюджет тапшылығын азайту көзделген. Бұл мемлекеттің борышын төмендетуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ ұзақмерзімді экономикалық өсімді қамтамасыз етеді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, тек бюджет қаржысымен экономиканы жаңғырту мүмкін емес. Аталған үдеріске банктердің бәрі атсалысқаны маңызды.

– Үкімет кредит мөлшерлемесін субсидиялау арқылы банк қаржысын тарту туралы бастама көтерді. Қаржы секторы осы міндетті орындауға белсенді қатысуға тиіс. Үкімет Кепілдік қорын құру мәселесін пысықтап жатыр. Бұдан бөлек, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан «құзақ мерзімге берілетін» қаржы тартылады. Бұл – жеткіліксіз. Нақты секторды кредиттеу көлемін арттыру үшін басқа да ұсыныстар қажет. Мен Үкімет отырысында Ұлттық қор ел экономикасының бір бөлшегі екенін айттым. Кейбір шолушылар, қоғам қайраткерлері Үкіметтің Ұлттық қордан жиі әрі көп қаржы алатынын айтады. Бұл – қалыптасқан ахуалға байланысты қабылданған шешім. Осыған бола «дағдарысқа тап болдық» деп байбалам салатындай себеп көріп тұрған жоқпын. Қорды не үшін құрдық? Қор қаржысы мемлекеттік маңызды бар міндеттерден өзге мақсатқа жұмсалып жатса бір жөн. Сондықтан тағы да қайталап айтамын, банктер бизнеске көмектесіп, экономиканың дамуына қаржы салуға тиіс. Дегенмен реттеушілік шаралардың қатаңдағанына қарамастан, тұтынушылық несие көлемі бұрынғыдай өсіп келеді. Былтыр аталған көрсеткіш 33 пайызға ұлғайды. Ал проблемалық борышкерлердің саны 1,5 миллион адамнан асты. Қарызға белшесінен батқан азаматтарға көмектесу керек. Бұл – аса өзекті саяси мәселе. Сонымен қатар қаржылық сауатты арттыру, әсіресе өскелең ұрпақтың осы бағыттағы білімін жетілдіру маңызды. Осы ретте банктер проблемалық займдарды қайта қаржыландыру жұмыстарын күшейтіп, борышкерлердің санын өсіруге жол бермегені жөн. Азаматтарға алаяқтық жолмен рәсімделген кредиттерге айрықша мән беру қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекет пен бизнес арасындағы қарым-қатынасты цифрландыру өзекті екеніне назар аударды. Президенттің айтуынша, бұл – бизнестің нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттырудың ең тиімді жолы. Ал мемлекет үшін басы артық бюрократияны қысқартатын, жемқорлық тәуекелдерінің алдын алып, жалпы тиімділікті жақсартатын маңызды қадам.

Мемлекет басшысы сөзін қорытындылай келе, былтыр көктемде болған су тасқыны кезінде қаржылай қолдау көрсеткен барша кәсіпкерлерге, сондай-ақ «Қазақстан халқына» қорына жарна салған бизнес өкілдеріне алғыс айтты. Қор қаржысы денсаулық және білім беру салаларындағы өзекті әлеуметтік міндеттерді шешуге жұмсалып жатыр.

– Бүгін ашық әрі пайдалы әңгіме болды. Сөз соңында қайталап айтқым келеді: мемлекет еліміздің өндірісін қаржы салатын, тұрақты жұмыс орындарын ашатын адал кәсіпкерлерді әрдайым қолдайды. Бәріңізді жақсы танимын. Соңғы үш жылда мемлекет пен бизнес арасындағы ықпалдастық пен өзара түсіністік айтарлықтай нығайғанын көріп отырмыз. Мемлекетке пайдамды тигізсем деген отаншылдық ұстанымдарыңызды жоғары бағалаймын. Біз реформалар жолына түстік. Елімізде жүргізіліп жатқан саяси, әлеуметтік-экономикалық өзгерістер біздің аймақта бұрын-соңды болмаған. Халық қолдамаса, бұл реформалар іске аспас еді. Қазақстанның экономикалық әлеуетін нығайтуға бағытталған стратегиямды бизнес қоғамдастықтың қуаттағанын айрықша атап өткім келеді. Үкімет немесе құқық қорғау органдары арқылы мемлекет кәсіпкерлердің заңды қызметіне ұшқандай кедергі келтірмеуге тиіс. Бұл – менің мызғымас ұстанымым, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жиын барысында Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин, «Resmi компаниялар тобы» ЖШС, «RG Brands» АҚ президенті Қайрат Мәжібаев, «Қазақмыс Холдинг» директорлар кеңесінің төрағасы Эдуард Огай, InDrive компаниясының бас атқарушы директоры Арсен Томский, «AUDACIA Express» ЖШС бас директоры Бақытбек Қадыров, «Қазақстан Халық банкі» АҚ басқарма төрағасы Үміт Шахметова, «BI-Group» холдингі директорлар кеңесінің төрағасы Айдын Рахымбаев, «Kazakhstan Operating» компаниясының тең иегері, «Pazuzu» КР Жұмыс берушілер ұлттық конфедерациясы төралқасының төрағасы Жұмабек Жанықұлов, «Евразия инвест» ЖШС директоры Иван Г'еоргиади, «Қарағанды фармацевтикалық кешені» ЖШС бас директоры Сергей Барон, «Атамекен» ҰКП төралқасының төрағасы Райымбек Баталов сөз сөйледі.

Сонымен қатар Freedom Holding Corp басқарма төрағасы Тимур Турлов, ЦАРКА президенті Олжас Сәтиев, «ЭлтексАла-тау» ЖШС директоры Нұрлан Жәнібеков, «Aq Niet Group» ЖШС Бақылаушылар кеңесінің мүшесі Нұржан Ниязалиев, Қазақстанның қорғаныс-өнеркәсіп кешені кәсіпорындары қауымдастығының төрағасы Айбек Барысов пікір білдірді.

1-бет

ҚАБЫЛДАУ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қармақшы ауданына жұмыс сапарында, құқық қорғау органдарының басшыларымен бірге «Руханият орталығының» жұмысымен танысты, тұрғындарды жеке қабылдады.

ҚАРМАҚШЫЛЫҚТАР КӨТЕРГЕН МӘСЕЛЕЛЕР



Суреттерді түсірген Бағдат Есжанов

Жеке қабылдауға келген 78 азамат электр желілерін жаңғырту, айналма жол салу, көшелерге жөндеу жүргізу, теміржол үстінен көпір салу, газ сапасын тексеру, жарық бағаналарын орнату, балалар ойын алаңын салу, тағы басқа мәселелерді көтерді.

Т.Көмекбаев ауылының тұрғыны клуб үйін жанадан салып беруді сұрады. Аймақ басшысы бұл нысанға 6,9 млн теңге қаржы бөлініп, мемлекеттік сараптамадан оң қорытынды алынғанын атап өтті.

Кент тұрғыны аудан орталығының көшелерін асфальттау мәселесін көтерді. Жосалы кентінің 11 көшесін жөндеуге қаржы бөлінгені, жақын арада мемлекеттік сатып

алу жұмыстары басталатыны айтылды.

Тұрғындар құқық қорғау органдары басшыларынан өз сұрақтарының жан аясындағы шешімі туралы маман кеңесін алды. Жұртшылық сұранысына жедел үн қатып, мәселені шұғыл шешу үшін мұндай кездесулердің маңызы зор.

Кейінгі жылдары дәстүрге айналған бұл бастама ел арасында үлкен қолдауға ие болды және алдын ала хабарланған жеке қабылдауға келушілер саны артып келеді.

Сапар барысында облыс әкімі еңбек ардагерлерімен және зиялы қауым өкілдерімен кездесіп, аймақтың, ауданның даму бағыты, түйткілді мәселелерді шешу жолдары туралы пікір алмасты.

«АҚШАТАУДЫҢ» 60 ОРЫНДЫҚ МЕКТЕБІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Арал ауданына жұмыс сапары барысында «Ақшатау» елді мекеніндегі жаңа мектептің жұмысымен танысты.

Қыркүйек айында 60 орындық жана нысан ашылғанша шәкірттер бастауыш мектепке бейімделген ғимаратта оқып келген болатын. Енді ауыл балалары бастауыш сыныпты аяқтаған соң аудан орталығына бармай-ақ, өз үйлерінде, ата-аналарының қасында оқуын жалғастырады. Білім ордасы спорт, акт залдарымен, асхана, кітапханамен және жекелеген пәндік кабинеттермен жабдықталған.

Айта кету керек, Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асқан «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында өңірде 10 мектептің құрылысы басталып, алғашқы 900 орындық мектеп өткен жылдың қазан айында облыс орталығында ашылды.

Жыл басынан бері Жаңақорған ауданының «Жаңарық» ауылында, Арал қаласында 300 орындық, Жаңақорған кентінің «Саяжай» шағын ауданында, Қызылорда қаласында 600 орындық мектептер пайдалануға берілді. Жыл ішінде тағы 5 «Жайлы мектептің» құрылысы аяқталады деп күтілуде.

Өткен жылы аймағымызда 6 мектеп, 5 мектепке қосымша ғимарат ел игілігіне табысталды. Осылайша Арал ауданы Тоқабай ауылындағы №248, Шиелі кентіндегі №252 және Жансейіт ауылындағы №133 апатты мектептердің мәселесі шешілді.

«ҚазГермұнай» компаниясының де-меушілігімен Қызылорда қаласында «Оқушылар сарайы», Жаңақорған ауданында 200 орындық «Оқушылар үйі» мен 50 орындық «Өнер мектебі» іске қосылды. Жыл ішінде Шиелі ауданында да



«Оқушылар үйі» мен «Өнер мектебі» жұмысын бастайды.

Облыс орталығындағы «Шығармашылық академиясы», музыкалық колледждің жаңа ғимараты мамыр айында, дарынды балаларға арналған физика-математика мектеп-интернаты құрылысы наурыз айында аяқталмақ.

Биыл «Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры» есебінен Арал ауданының «Жаңашар» ауылынан 150 орындық мектеп салынады. Былтыр 3 млрд 100 млн теңгеге 8 мектептің ғимараты күрделі жөндеуден өтті.

Мемлекет басшысы алдағы уақытта 1 300 мектепті жаңғыртуды тапсырғаны белгілі. Осы ретте 3 жыл ішінде облыстағы 51 мектепке, биыл оның 9-на күрделі жөндеу жасалады.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

МӘСЕЛЕНІҢ МӘН-ЖАЙЫ

ГАЗ БАҒАСЫНЫҢ ӨСУІНЕ НЕ СЕБЕП?

Облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев өңірде газ бағасының өсуіне байланысты ақпарат құралдары өкілдеріне брифинг өткізді. Бұл өзгеріс ҚР Энергетика министрінің бұйрығына сәйкес жүзеге асып отыр.

– Жаңа түзетулі негізге алсақ, облыс бойынша газ бағасы – 1 литр үшін 90 теңге, ал облыс орталығынан 200 шақырым қашықта орналасқан елді мекендерде 95 теңге, өсім 28 пайызды шамалайды. Айта кетсек, өзге өңірлермен салыстырғанда облысымыз сұйытылған мұнай газының ең төменгі бағасы бойынша алғашқы бестікте. Еліміздің 10 облысында баға 107 теңгеге дейін көтерілген. Ең жоғарғысы – 107 теңге, ең төменгісі – 70 теңге. Облыс әкімдігі қантар айында операторлармен бірнеше мәрте мәжіліс өткізіп, нәтижесінде келісімге қол жетті. Біріншіден, қантар айында алынған газ қалдығы ескі

бағамен, яғни 65-75 теңгеден сатылды. Еліміздің бірқатар өңірінде ақпанның алғашқы күнінен бастап газ көтерілген бағамен тұтынушыға жол тартты. Өндіруші зауыттарда баға 15 пайызға қымбатталды. Осыған байланысты операторлар өз кәсібіне зиян келмес үшін жаңа бағамен сатуға көшті, яғни ол тоннасына 45 158 теңгеден 51 322 теңгеге дейін өсті. Екіншіден, шекті бағадан 5 теңгеге төмендетіп, облыс орталығында газдың 1 литрін 85 теңгеден, ал аудандарда 90 теңгеден сатуға операторлар ұсыныс білдірді, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Оның айтуынша, ақпан айына министрліктен 7300

тоннаға жуық газ бөлінді. Оған қоса Энергетика министрлігімен келіссөз жүргізіліп, ақпан айына қосымша 2000 тонна газ бөлу жоспарланып отыр.

– Бағаның көтерілуінің басты себебі – еліміздегі газды тұтынудың өсуі. Сұйытылған мұнай газын тұтыну 2022 жылы 1,8 млн тонна болса, 2024 жылы 2,4 млн тоннаға дейін жетті. Мысалы, аймақта 2022 жылы сұйытылған мұнай газын тұтынатын 7290 автокөлік болса, 2024 жылы 35690 автокөлік тіркелген, яғни 5 есе артқан. Одан бөлек сұйытылған газ өндірісінің өзіндік құны – тоннасына 63-65 мың теңге. Ал өндіруші зауыттар үшін шекті көтерме баға тоннасына 51932 теңге деңгейінде белгіленген. Бұл ретте өндіруші зауыттарда жыл сайынғы жоспарлы жөндеу және жаңғырту үшін қаражат тапшылығы байқалған.

Сондай-ақ жанар-жағармай-

дың сату бағасы мемлекеттік реттеуден босатылды. Алайда, қазіргі таңда операторлар бағаны 2024 жылғы деңгейде ұстауда. Атап айтқанда, АИ-92 бензині – 205 теңге, дизель отыны – 295 теңге. Энергетика министрлігінің жоспарына сәйкес, алдағы 15 ақпаннан бастап АИ-92 бензин және дизель отыны бағасының 2-4 теңгеге өсуі күтілуде. Қазір облыста АИ-92 бензиннің 9 мың тоннаға жуық, АИ-95 бензиннің 1000, дизель отынның 8 мың тоннаға жуық қоры бар. Одан бөлек газ құю бекеттерінде 900 тонна сұйытылған мұнай газ қалдығы бар. Оған қоса Атыраудан 18 вагон (648 тонна) газ келе жатыр. «ҚазГермұнай» компаниясынан күнделікті 200 тонна газ операторларға жеткізілуде. Бұл мәселе әкімдіктің тұрақты бақылауында тұр, – деді Ардақ Темірханұлы.

«СБ» ақпарат

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары С.М.Жұманғаринге

ЭКОНОМИКАНЫ «КӨЛЕҢКЕДЕН» ҚАШАН ШЫҒАРАМЫЗ?

Құрметті Серік Макашұлы!

Мемлекет басшысы Жолдауда көлеңкелі экономика үлесінің жоғары деңгейде қалуы қаржы саласындағы ахуалды ұшықтырып тұрғанын атап өткен болатын. Осы бағытта Үкімет ауқымды жұмыстар жүргізіп жатыр. 3 жыл аралығында ішкі жалпы өнімдегі көлеңкелі экономиканың үлесін 27%-дан 20%-ға дейін қысқартып, бюджетке 2 трлн теңге қосымша кіріс түсірткен.

Бүгінде көлеңкелі экономиканың үлесі – 17 % шамасында болса, бұл кем дегенде бюджетке әлі де 2-2,5 трлн теңге салық түспейді деген сөз (120 трлн теңге жалпы ішкі өнім, ВВП). Бұл үлес ресми статистикаға сүйеніп, мемлекеттік органдардың берген ақпараты. Ал біз білмейтін, ресми статистиканың назарынан тыс қалатын қызмет түрлері қаншама?

Бір заң жобасын зерделеу кезінде келеңсіз жайтқа тап болдым. Елімізде көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл саласында бірыңғай саясатты қалыптастыруға және басқа ведомстволарды үйлестіруге жауапты мемлекеттік орган жоқ болып шықты. Әр мемлекеттік орган бір-біріне сілтейді. Әрбір мемлекеттік орган өз қызметі шегінде шаралар қабылдайды, бірақ қызметті нақты бөлетін, жауап беретін тұтас жүйе жоқ. Аталған проблема бойынша кешенді жоспарлармен барлық салалар қамтылмаған. Бұл бір.

Екінші. «Көлеңкелі» экономикаға көбірек үлес қосатын сала, бұл – сауда. Ал сауданың жүйесі – базар. Әлбетте, базардың аты – базар. Ондағы еркін сауданы қадағалау қиын. Бірақ дұрыс ұйымдастыруға мүмкіншілігіміз бар ғой. Елімізде қолма-қол ақшасыз айналым коэффициенті жыл сайын өсіп келеді. Яғни, көлеңкелі экономиканың бір көрінісі – салық төлеуден жалтару. Оның бірнеше себебі бар. Солардың бірі салықтық әкімшілендірудің әлсіздігі.

Мемлекеттік кірістер комитетінің ақпараттарына Орталық Азия елдерінің азаматтары Қазақстанда үш жыл ішінде 136 млрд теңге табыс тапқан. Алайда, Ұлттық Банктің ақпараты бойынша, осы уақыт ішінде олар Отанына жалпы 1 трлн теңге аударған, яғни «көлеңкелі» тауарларды немесе қызметтерді өндіру ықтималдығы жоғары деген сөз. Уақыт тығыздығына байланысты мен келтіріп отырған ұсыныстар тек кіріспесі. Білек түріп, майшаммен қарайтын болсақ, бюджеттің кірісін толтыруға мүмкіншілігіміз жетіп артылады.

Осы айтылғанды назарға ала отырып, алдымен келесі мәселелерді қарастыруды ұсынамыз.

1. Көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл саласында бірыңғай саясатты қалыптастыратын және үйлестіріп, жүргізетін бір мемлекеттік органды анықтау.

2. Жалған келісім-шарттарға қарсы тұру үшін тауарды жеткізу тізбегі бойынша қосылған құн салығы (НДС) мен құжаттар қатар жүретін нақты бір жүйе құру қажет. Бұл жүйе толықтай цифрландырылған болуы шарт. Нәтижесінде бюджетке төленуі тиіс салықты Үкімет автоматты түрде есептеп беруі керек. Бұл әсіресе шағын және орта бизнеске үлкен көмек болар еді.

3. Халықты банктік қарталар арқылы төлемдер жасауға ынталандыруымыз қажет. Оған әртүрлі иш-шаралар барысын ұсынуға болады. Олардың бірі – төлеген құн салығының (үлкендігінен НДС) бір бөлігін бонус (көшбек) ретінде қайтаруға болады деп санаймын.

Депутаттық сауалға заңда белгіленген мерзімде жауап беруіңізді сұраймыз.

«AMANAT» партиясы фракциясының депутаттары атынан Мархабат ЖАЙЫМБЕТОВ

ЖАУАПКЕРШІЛІК ӨМІРЛІК ҰСТАНЫМЫНА АЙНАЛҒАН ТҰЛҒА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы жылдың 28 қаңтарында Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзінде: «...Мен реформалардың нақты бағыты мен оны жүзеге асыру жолдары туралы осыған дейін де айттым. Үкімет ел экономикасын тұралап қалудан сақтап, орнықты дамуды қамтамасыз ету үшін күрделі шешімдер қабылдауы керек және ең бастысы сол шешімдерді іске асыруға тиіс», – деді. Президенттің айтуынша, бұл – жоғары білікті әрі жауапкершілік алуға дайын мемлекеттік қызметшілердің қолынан келетін жұмыс. Әлемдік тәжірибе мемлекеттік аппараттың тиімділігі осындай күрделі кезеңдерде айқын көрінетінін дәлелдеп отыр.

Мұндай жағдайда мемлекет және қоғам қайраткері, «кризис-менеджер, жерлесіміз Бердібек Сапарбаевтың ерекше үлесін атап өтпеске болмайды. Қайраткер тірі болғанда осы күндері 72 жасқа толатын еді.

Кейінгі екі-үш жылда Бердібек Машбекұлы Сапарбаевтың «кризис-менеджер» ретіндегі қажырлы еңбегі туралы баспасөз беттерінде бірнеше мақалалар жарияладым. Оны қайталамау үшін 2024 жылдың 16 ақпанында Астанадағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде ұйымдастырылған «Бердібек Сапарбаев тұлғасы» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияда сөз алғандардың бірақтарының пікір желісін оқырманға ұсынуды жөн көрдім.

Сол конференцияның ашылуында ҚР Премьер-министрінің орынбасары Тамара Дүйсенова алқалы жиынға Бердібек Машбекұлымен бірге ұзақ жыл қызмет жасаған Президент әкімшілігінің, Парламенттің, Үкімет мүшелері, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің қызметкерлері және осы саланың ардагерлері, Келен комитетінде бірге қызмет атқарған азаматтар, бір кезде өзі басқарған Қызылордадан, Оңтүстік өңірде Түркістан облысы мен Шымкент қаласынан, Абай және Шығыс Қазақстан облыстарынан, Ақтөбе және Жамбыл облыстарынан келген әріптестері, сондай-ақ қайраткер тұлғаның қамқорлығын көрген азаматтар қатысып отырғанын жеткізді. Сондай-ақ кездесуге Бердібек Машбекұлының егемен еліміздің қалыптасуына, өнерге, ғылымға жасаған риясыз қызметін құрметтейтін ғалымдар, мәдениет өкілдері, мемлекет қайраткерлері және жастар келді.

– Бірінші кезекте ол «кризис-менеджер» болды. Бұл бәріне белгілі факт. Ел басшылығы Бердібек Машбекұлына ең қиын нұсандарды сеніп тапсырды, өйткені ол әрқашан әлеуметтік жағдай туралы жақсы біліп, кез келген істі қисынды қорытындыға жеткізді. Қай жерде жұмыс істесе де, қандай қызмет атқарса да, әрқашан азаматтардың мүдделеріне, әлеуметтік әл-ауқатына және халықтың денсаулығына мұқият назар аударды.

Қажырлы еңбегінің арқасында қазақстандықтардың шынайы құрметіне ие болды.

Бердібек Сапарбаев мемлекеттік қызметшілердің қадірлік резервін дайындауға көп көңіл бөлді. Ұстаз ретінде өз елінің патриоттарының тұтас бір тобын тәрбиеледі. Олардың арасында мемлекет және қоғам қайраткерлері көп, – деп атап өтті Тамара Дүйсенова.

Жас мемлекеттік қызметшілерге үлгі

Конференцияда ҚР Парламенті Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошанов Б.Сапарбаевтың тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен дамуына қосқан баға жетпес үлесін атап өтті.

– Бүгін біз аса ғибратты, өнегелі жиынға қатысып отырмыз. «Еліңе қадірлі болсан, елеусіз қалмайсың» деген халық сөзі бар. Сондықтан бұл жиынды Бердібек Машбекұлындай мемлекетіміздің тәуелсіздігі мен дамуына жан аямай қызмет еткен, өлшеусіз үлес қосқан азаматқа, тұлғаға арнап отырмыз. Бұл жиын туған елін сүйген, туған елі сүйген тұлғаға деген ерекше құрметтің белгісі деп санаймын, – деді Ерлан Жаханұлы.

Сондай-ақ Мәжіліс төрағасы осы конференцияға Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың жолдаған арнайы құттықтауын оқып берді.

«Бердібек Машбекұлы – Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуына және дамуына өлшеусіз үлес қосқан көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері. Ол әр жылдары жоғары лауазымды қызметтерді абыроймен атқарып, еліміздің өсіп-өркендеуіне зор еңбек сіңірді. Бірақтар өңірлерге және мемлекеттік органдарға жетекшілік етіп, парасатты, іскер әрі білікті басшы ретінде танылды. Халықтың ерекше сый-құрметіне бөленді. Ел игілігі үшін аянбай еңбек еткен азаматтардың есімін ұлықтау арқылы өскелең ұрпақты отаншылдық рухта тәрбиелейміз. Қайраткер

тұлғаның адами қасиеттері, кәсіби біліктілігі мен адал қызметі жас мемлекеттік қызметшілерге әрдайым үлгі-өнеге» делінген хатта.

– Тал бесіктен жер бесікке дейін халқына, ұлтына риясыз қызмет ету, қызмет ете жүріп тұтас елдің шынайы алғысын алып, құрметіне бөлену екінің бірінін тағдыр талайына бұйыра бермейтін бақыт, – деп толықтырды Ерлан Қошанов. – Мұндай тұлғалардың есімі мемлекеттің, ұлттың тарихында алтын әріптермен жазылып қалады. Ол кісінің мәнді де мағыналы ғұмыры, бейнелеп айтқанда, «аттың жалында, түйенің қомында» өтті. Еліміздегі ең

»

«Бердібек Машбекұлы – Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуына және дамуына өлшеусіз үлес қосқан көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері. Ол әр жылдары жоғары лауазымды қызметтерді абыроймен атқарып, еліміздің өсіп-өркендеуіне зор еңбек сіңірді. Бірақтар өңірлерге және мемлекеттік органдарға жетекшілік етіп, парасатты, іскер әрі білікті басшы ретінде танылды. Халықтың ерекше сый-құрметіне бөленді. Ел игілігі үшін аянбай еңбек еткен азаматтардың есімін ұлықтау арқылы өскелең ұрпақты отаншылдық рухта тәрбиелейміз. Қайраткер тұлғаның адами қасиеттері, кәсіби біліктілігі мен адал қызметі жас мемлекеттік қызметшілерге әрдайым үлгі-өнеге».

қиын салаларға жетекшілік жасады. Бес бірдей облысқа әкім болған Қазақстандағы жалғыз тұлға және сол өңірлердің мәселесі күйіп, шаруасы шатақпап тұрған кезде Бердібек Машбекұлы басшылық жасады. Қазір осы 5 облыс дербес 7 облысқа айналды.

Осы арада өзім куә болған жайтқа тоқталып өткім келеді. Қателеспесем, осыдан 10-15 жыл бұрын Бердібек Машбекұлымен бір делегация құрамында Алматыға іссапармен бардық. Сол кезде екеуміз бір көлікте келе жаттық. Бір уақытта Бекен «мына жерге бұрыла кетейік» деп көлікті бұрғызып, бір кішкентай дүңгіршектің жанына барып тоқтадық. Барсақ, дүңгіршектің жанында да бір қария мен кемпірі тұр екен. Бердібек Машбекұлы олармен біраз әңгімелескеннен кейін әрі қарай кеттік. Сосын мен туысымен амандақсан болар деп, «бұл туысыңыз ба?» деп сұрадым. Сөйтсек, жаңағы ақсақал Астанаға келу үшін жеке шаруасымен Бердібек Машбекұлына сұранып жүр екен. «Мен ол кісі Астанаға әуре болып келмей, ақыры келгеннен кейін жолдан бұрылып, жарты сағат уақытымыз бөлдім» деп әдейі кездескенін айтты. Сол кезде шыны керек таңғалдым. Бұл өмірлік тағылым болды деп айта аламын.

Бекеннің кісілігі мен кішілігі осында.

Мемлекеттік деңгейдегі тұлға

Конференцияда ҚР Парламенті Сенаты төрағасының орынбасары Жақып Асанов қайраткер тұлғаның өмірлік тәжірибесі мен табанды еңбегіне тоқталды.

– Бізді тағдыр тоғыстырған бір оқиға бар, – деді Ж.Асанов. – 2016 жылы жерге қатысты митингі өтіп, бүкіл республика шулап жатты. Көп ұзамай қырықтан астам діни радикал Ақтөбеде теракт жасады. Қару-жарақ дүкендерін басып алып, әскери билімге оқ атты. Біраз адамның өмірі киылды, денсаулықтарына зиян келді. Бір сөзбен жер митингтері мен діни радикализм өршіп тұрған кез.

Сол кезде біз Бас прокуратура болып, Президентке ұсыныс жасадық. Терактілер халық арасында үрей туғызды. Билікке сенімсіздік бар. Өңірлерге барып жұртпен тікелей жымыс істесек, мемлекеттің қамқорлығын көрсетсек, ол үшін пилот ретінде бір облысты алып, сонда елге қолдау көрсетудің үлгі-моделін жасасaq делік.

Өрине көп нәрсе сол барған өңірдің басшысына байланысты. Әкімі қоллап, белсенді болмаса нәтижеге жету мүмкін болмас еді. Сонда Бекенмен тез тіл табыстық. Өзінің Ақтөбеге келгеніне де көп болмаған екен. «Уайымдама, топты бізге әкел, бәрін жасаймын» деп сендірді. Сол 2016 жылы бүкіл республикадан 230 маманды жинап Ақтөбеге келдік. Мемлекеттік қызметшілермен қатар, топқа дәрігерлер, теологтар, психологтар, имамдар енді. Бекен алты жүздей

адам жинап, мақсатымызды айтты. Облыстық активке сескенудің қажеті жоқ. Әріптестер орталықтан бізді тексеруге, бағалауға, сынауға келген жоқ. Кабинеттен жерге түсіп, бізбен бірге нақты проблемаларды шешу үшін, өршіп тұрған діни радикализмді ауыздықтау үшін келді деп түсіндірді. Мұндай шара елде алғаш рет жасалып жатқан. Бердібек Машбекұлы жұмысты әдемі үйлестіріп, республикадан келген 230 адамды өңір жағдайын жөндеп алуға ұтымды пайдаланды. Облыста 830 мыңдай адам болса, әрбір алтыншы ақтөбелікке жеттік. Ол мүгедектер, жастар, көпбалалы, жағдайы төмен отбасылар, сотталғандар, діннен адасқандар.

Осындай үйлесімді жұмыстың арқасында Ақтөбеде бай тәжірибе жиналды. Әдістемелік құрал жасалды. Осы жұмыстың басында Бекеннің жанында жүрдім. Жұмыс таңғы 7-де басталатын. Күні бойы кездесулер, жиналыстар дегендей.

Жобаның соңғы екі күнінде Бекенмен болдым. Байқағаным, бір ай бұрын

үзілген үміттерін жалғауға барды. Ол Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Ақтөбе, Жамбыл облыстарына әкім болған кезеңде аянбай еңбек етіп, соның бәріне де абыроймен барып, абыроймен кетті. Жетекшілік еткен әр аймақта халқы оны қимастықпен шығарып салып отырды. Бұл Бердібек Машбекұлының антына адал, сертіне сенімді болғанының белгісі.

Мұқтаждарға қамқорлық

«Ақтөбе қалалық сал ауруына шалдыққан адамдарды қолдау орталығы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, Қазақстанның Еңбек ері Құралай Байменова аймақтағы әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси, рухани процестерді бақылаудағы облыс әкімінің рөліне тоқталды.

– Бердібек Машбекұлы өмірден өткенде тұтас бір дәуір көшкендей болды. Көкейде «Бізге ұрпақтар сабақтастығы бар ма, әкімдер институтын қандай өзгерістер күтіп тұр?» деген сауал тұрды.

2015-2019 жылдары Ақтөбе қаласы мен аудандардың мәдениет, бизнес, құрылыс салаларында, қоғамдық өмірінде көптеген өзгеріс орнады. Бердібек Машбекұлы 2015 жылдың қараша айында жұмысқа кіріскен бойда қоғамдық ұйым өкілдерімен кездесті. Онда сенімге негізделген мәнді әңгіме айтылды. Өңірдегі қоғамдық ұйымдардың ахуалы туралы 100-ден астам адам өз ойларын еркін жеткізді. Сол жерде жаңа басшының бізді бірден түсінгені, оның жоғары кәсіби және іскерлік қасиеттері бірден байқалды. Аз уақытта ақтөбеліктер «Бердібек аға туысымыздай болып кетті» деді. Ол ондаған, мүмкін жүздеген адамның ертеңге деген сенімін нығайтты, басына басана берді, үміт отын жақты.

Ақтөбеде қызметте жүргенде халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарын қолдауға арналған қайырымдылық акцияларын көп ұйымдастыратын. Мүгедектің бар белсенділердің барлығын танытын, олар ұйымдастырған іс-шаралардан қалмайтын.

2017 жылы Ақтөбеде су тасқыны болып, жүздеген құрылысты шайып, бұзып кетті. Табиғат апаты кезінде облыс әкімі зардап шеккен жұртшылықтың ортасында жүрді, адамдарды сабырға шақырды. Айналасы аз уақытта бұзылған үйлер қалпына келтірілді. Әдеттегідей, бұл шаруаны да үйлестірген Бердібек Машбекұлы еді.

Бердібек Сапарбаевтың өмір, еңбек жолы посткеңестік кезең мен Тәуелсіз Қазақстанның тарихында өз орнын алатыны сөзсіз, – деді ол.

Құбылыс

– Өркімнің көңілі құлайтын адамдары болады. Санамызда із қалдырған екеу болса, соның бірі – Бердібек Машбекұлы. Бекен жарықтық шешеннің тілі құрмеліп, ердің қолы қалтырайтын ақиқаттың көзіне тура қарай алатын тұлғалардың бірі еді. Бойындағы өнерін, қабілетін кәсіп деп емес қасиет деп қарайтындардың сойынан еді, – деп келтірді сөзін халық артисі Досхан Жолжақсынов. – Жалпы, кез келген тұлға туралы, оның ішінде биліктегілер туралы айтқанда, – дейді Әбіш Кекілбаев ағамыз, – алдымен оның табиғи бітім-ғалмысына ерекше назар аудару керек. Бекеннің биік талғамы мен терең толғамы жан-жүрегінде тебіреніп, толғанып көрініс тауып жатушы еді.

...Сіңірсем деймін жеріме, Мандайдың терін ағызып. Жасасам деймін еліме,

Жанымның отын тамызық, – дейді ақын Сырбай Мәуленов ағамыз. Шіркін-ай, қандай сөздер. Биліктің мандайшасына шегелен-ақ қоятындай. Тура Бекене, Бекендегер арналғандай.

Бекен жарықтық халқымыздың рухани әлеуетін қоғам алдында айқара ашуға мүмкіндік беретін тұлғаларымыздың бірі еді. Бір бойында мемлекеттік қайраткерліктің, саясаттанушының, мәдениеттанушының, әлеуметтанушының барлығының дарыны әдемі тоғысқан. Соның бәрін далалық данышпан-лықтың қайнарына суарған Бекен бүгін ойлап қарасаң шын мәнінде құбылыс екеніне ешкім да тұғызға қоймас.

«Жұрт ісін түс көрмей ояу жүріп

іздеу мақсат» дейді Әлихан Бөкейханов. Қарапайым да парасаттылықтың кәусар бұлағындай Бекеннің халқына сіңірген, халқының рухына сіңірген еңбегінің бағдаршамындай. Жалпы Бекеннің дара ақылы, мемлекетіміздің, еліміздің өтпелі кезеңінде айқара ашылып, шыңдала түскендей.

Өмірді құтқару үшін

ҚР Президентінің ғылым және инновациялар мәселелері жөніндегі кеңесшісі Күнсұлу Зақарья пандемия кезінде Б.Сапарбаевтың жан-жақты қолдауына сүйене отырып, Қазақстан коронавирускa қарсы вакцинаны әлемде алтыншы болып шығара алғанын өз сөзінде келтірді.

«Менің өмірімдегі ерекше маңызды сәт – пандемия кезінде Бердібек Машбекұлымен кездесу, қазақстандық вакцинаны жасау мәселесі өткір тұрған уақыт еді. Мен ол кезде Жамбыл облысындағы биологиялық қауіпсіздік ҒЗИ басқарамын, біз вакцина әзірлеу бойынша жұмысты бастадық. Билік пен мамандар арасындағы пікір қайшылығына қарамастан, Бердібек Машбекұлы табандылық танытып, бізге барлық қажетті қолдауды ұсынды. Сол қиын кезеңде вакцина жасау және зауыт құрылысын жеделдетуде көп көмегі тиді. Облыс әкімі төтенше жағдайды ескере отырып, жауапкершілікті толықтай өзіне алды. Республикадан қаражат бөлуді күтпей, зауыт құрылысын бастау жөнінде құрылыс басқармасының басшыларына нақты тапсырма қойды. Осылайша 2020 жылдың 12 маусымында зауыттың іргетасы қаланды. 2021 жылы 21 маусымда QazVac вакцинасының алғашқы партиясы шығарылып, Қазақстанның көптеген тұрғындарының өмірін сақтап қалды».

Көреген басшы

Конференцияда Шерхан Мұртаза атындағы Тараз халықаралық инновация институтының вице-президенті (қазір ректоры), педагогика ғылымдарының докторы, профессор Махметғали Сарыбеков Бердібек Машбекұлының Жамбыл облысын басқарған жылдардағы жұмыс тәсілдері туралы айтты.

– Оның экономист ретіндегі аналитикалық ақыл-ойы өте жоғары болатын. Жұмыстың жүйелі әрі кешенді болғанын қалайтын. Алдына стратегиялық мақсат қойып, соны орындауға қызметкерлерді жұмылдыра алатын.

Ол өзіне дейін қызмет істеген әріптестерін құрметтейтін, сіңірген еңбегін, жеткен жетістіктерін жиналыстарда айтты отыратын. Бұл арқылы әріптестіктің, сабақтастықтың маңызы айқындалатын.

Тағы бір қасиеті, адамдардың қабілет-қарымын, мүмкіндігін дәл бағалайтын және оларға сенім артып, міндет жүктейтін.

Бердібек Сапарбаевтың бастамасымен қолға алынған «Асарлатып ұй салу», «Жомарт түлек», «Таразға тарту» сияқты әлеуметтік жобалар халықтың өмір сапасын арттыруға ықпал етті. Әсіресе, «Асарлатып ұй салу» туралы атап айтсақ, жоба шеңберінде 350 аз қамтылған отбасы баспаналы болды. Ол үнемі халықтың арасынан табылды, бұл қасиеті Қордайдағы оқиға, коронавирус пандемиясы, Байзақ ауданындағы жарылыс және қаңтар оқиғасы кезінде анық көрінді. Сол себепті де оны халық арасында «кризис-менеджер» атап кетті, – деді профессор.

Тын өзгерістердің бастамашысы

Шығыс Қазақстан облысының әкімі Ермек Көшербаев Бердібек Сапарбаевтың жетекшілігімен жұмыс жасағанын, Шығыстағы, Абай еліндегі жұртшылықтың оған деген ерекше ықылас-пейілі туралы айтты.

– Ол кадр тәрбиелеуде бізді қарапайымдылыққа, әдептілікке, адамгершілікке үйретті. Бердібек Машбекұлының өнегесі мен тәлімін өз тәжірибемде қолданып келемін.

Оны халық «кризис-менеджер» деп бекер атаған жоқ. Қызылордада экономикалық жағдай күрделенген тұста инвестор тартып, айналымға ваучер енгізді. Оңтүстік Қазақстанда энергетикалық қоллапастан алып шығып, салық және зейнетақы төлеуді жүйеледі. Ақтөбе мен Шығыста төтенше жағдайдан кейінгі жең әлеуметтік мәселелерді шешті. Мәселен, Тарағатай ауданының Көкжыра және Жантекей елді мекендерін су алғанда, Артем кешінінде шахтерлар талап қойғанда Бердібек Машбекұлы дағдарыстан шығу жолын бірден тапты.

Ол қызметке кіріскен бойда барлық ауданды аралап шықты, көптеген іске бастамашы болды. Мектептер, әлеуметтік, мәдениет, спорт нысандарын салды. Басшының атқарған жұмыстарының нәтижесін бүгінде әр ауданда көруге болады. Өңірдің тау-кен саласына инвестиция тартып, өркендеуін қамтамасыз етті. Бизнесінің әлеуметтік жауапкершілігі аясында ірі өндірістік компаниялар халықтың қажеттіліктеріне көңіл аудара бастады. Ол шағын және орта бизнесті дамытуға жол ашты. Патриотизм мен ұлттық бірегейлікке басам беріп, Өскемен қаласының орталығына мемлекеттік рәміздер мен Абай ескерткішін орнатты, – деді Е.Көшербаев.

P.S.

Үкіметінің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы «Әкімдер мектебі» оқыту жобасын іске қосуды тапсырды. Осы «мектептерде» мемлекет қайраткері Бердібек Сапарбаевтың жəмыс тəжірибесіне арналған сабақтар өткізу орынды болар еді.

Кенес МАХАМБЕТОВ,
еңбек ардагері.
Астана қаласы



ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ

Президент жариялаған «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында орта буын мамандар даярлайтын оқу орындары арасында өзара бәсекелестік көрініс тауып, қазіргі заман сұранысына сай болудың жаңа бағыттары айқындалып отыр. Осы орайда И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық жоғары колледжінің директоры, техника ғылымдарының кандидаты, профессор Абайбек Жүнісовпен әңгімелесіп, жыл аясында атқарылатын жұмыстардың жай-жапсарын білген едік.



БІЛІКТІ МАМАН ДАЯРЛАУҒА БЕЙІМДЕЛУ ҚАЖЕТ

Айта кетейік, И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық жоғары колледжі 1930 жылы құрылған, яғни биыл оқу орнының негізгі қаланғанына 95 жыл. Бүгінде колледжде 34 мамандық бойынша 1800-ден астам студент білім алады. Оның 1450-і мемлекеттік грант негізінде, қалған студенттер ақылы білім алады. Колледждің 3 оқу ғимараты, 1 жатақханасы бар.

– **Абайбек Талғатұлы, биылғы жылдың басты тақырыбы – жұмысшы мамандар даярлау және оған қажетті жұмыстарды ұйымдастыру болмақ. Сіздің ойыңызша, бұған қатысты қандай мәселелер бар?**

– Мемлекет басшысының қазіргі алға қойып отырған міндеті – жұмысшы мамандар даярлау, олардың қоғамдағы лайықты орнын қалыптастыру. Шындығында, бұл – бүгінгі уақыт талабы. Осыған сәйкес облыстағы колледждер алдына бірқатар жаңа міндет қойылды. Әрине, шешімін күтіп тұрған мәселелер бар. Ең бірінші мәселе, колледждерді профилизациялау, яғни бүгінгі заманға бейімдеу жұмыстары жүзеге асырылады. Айталық, қазір облыста 28 колледж бар. Сол оқу орындарының көпшілігінде қайталанатын мамандықтар дайындалады екен. Мысалы, тігінші, аспаз, құрылысшы сияқты мамандықтарды айтуға болады. Осының нақты шешімі ретінде өңірге қажетті жаңа мамандықтар атласы дайындалады. Ал колледждер соған сәйкес бейімделуі қажет.

Тағы бір мәселе – материалдық-техникалық базаны жаңарту. Заманауи құрал-жабдықтар, қажетті техникалар алынуы тиіс. Себебі, қазір тұрмыстық техникалардан бастап, автокөліктер, ауыл шаруашылығы техникалары түгел автоматты басқаруға көшкен. Сонымен қатар, студенттерді практикадан өткізетін, яғни мамандығына сай қалыптастыратын кәсіпорындар болуы қажет. Бір сөзбен айтқанда, «Жұмысшы мамандықтар жылы» осындай мәселелердің өз деңгейінде шешімін табуына ықпал етеді деп ойлаймын.

Бір ғана мысал айтайын, Атырау жоғары политехникалық колледжі 8-ақ мамандық бойынша маман дайындайды. Онда 1300-дің үстінде студент білім алады. Сабак ағылшын тілінде оқытылады. Оқу орнының қызметкерлері, оқытушылары мен студенттері ағылшын тілін толық меңгерген. Ең бастысы, бітірушілер түгелдей сол өңірдегі ірі мұнай компанияларына тұрақты жұмысқа орналасады. Міне, сондықтан



қазір әр колледжді маман дайындайтын бағытына қарай бейімдеудің маңызы зор. Мәселен, гуманитарлық, педагогикалық бағыт, IT мамандар даярлайтын, сондай-ақ техникалық колледждер өз алдына бейімделуі қажет. Осыған байланысты жаңа оқу жылына қосымша 12 мамандық бойынша лицензияға құжаттар дайындап отырмыз. Атап айтқанда, жұмысшы, техник мамандықтары, қолданбалы бакалавр мамандықтары. Бұдан бөлек, ауыл шаруашылығы саласында су мамандарын дайындау қажеттігі туындап отыр. Сондықтан жаңа біліктілік бойынша су шаруашылығы мамандарын дайындауды қолға аламыз. Жалпы жоғарыда айтып өткендей, профилизациялауды іске асырамыз.

Жыл басында колледждің 2025-2030 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары бекітілді. Онда колледж базасында кіші кәсіпорындар, студенттер үшін Бизнес стартап орталықтарын ашып, жандандыруға, даярланып жатқан жас мамандардың кәсіпкерлігін дамытуға басымдық берілген. Сондай-ақ колледж бітірушілерінің өз мамандығына сай жоғары білім алуына да назар аударылады.

– **Кәсіби маман даярлауда оқытушыларға да жаңаша міндеттер жүктелері сөзсіз. Оған қоса, оқу орнының материалдық-техникалық базасы жаабдықтау мәселесі бар. Осы жұмыстар жөнінде айтсаңыз...**

– Жалпы колледже 250-дей қызметкер бар, оның 175-і – оқытушылар. Расында, оқыту-

шылардың өз бағытына сай білімін жетілдіріп, тәжірибесін толықтырып отыруы өте қажет. Өйткені қазір кез келген сала көз ілеспес қарқынмен өзгеріп жатыр. Осы орайда колледж оқытушыларын шетелдік және қазақстандық оқу орындарына, оның ішінде дамыған, алдыңғы қатарлы университеттерге, колледждерге тағылымдамаға жіберу, сондай-ақ олардың оқытушыларын, ғалымдарын өзімізге шақыру сияқты іс-шаралар стратегиялық жоспарымызда қамтылған.

Бүгінде Қазақ Ұлттық аграрлық зерттеу университетімен, Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетімен, Алматыдағы М.Тынышпаев атындағы көлік және коммуникация академиясы, сонымен қатар Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетімен Меморандумдар жасалған. Оның аясында колледж оқытушыларын сол ЖОО-лардың магистратура, докторантураларында оқыту, біліктілік арттыру, олармен бірге жүргізілетін ғылыми жобаларға қатыстыру қамтылған. Қазір алғашқы жұмыстар басталып кетті. Кеше ғана колледждің 3 оқытушысы Қарағанды техникалық университетінде үш апталық біліктілікті жоғарылату курсынан өтіп келді. Енді сол оқытушылар аймақта біліктілік курстарын ашуға жұмыс жүргізуде. Жоғарыда аталған барлық оқу орындарымен осындай жұмыстар жалғасады. Сондай-ақ жаңа зертханалар, құрал-жабдықтар алуға, ғылыми жұмыстар жүргізуге байланысты келісімдер бар.

Осы оқу жылында біз төрт

шетелдік ғалымды дәріс оқуға шақырғалы отырмыз. Олар тегін волонтерлік қызметпен келеді. Арнайы халықаралық ұйым бар, яғни олар шетелдік эксперттердің қаражатын төлеп, қазақстандық оқу орнына жібереді. Айта кетейік, олар бірінші кезекте сандық технология бойынша келеді. Сонымен қатар, «ТОРА» (техническое обслуживание и ремонт автомобилей), яғни «Автомобильдерге техникалық қызмет көрсету және жөндеу» деген мамандығымыз бар, ауыл шаруашылығы бағытынан, құрылыс саласынан, сонымен бірге, инновациялық жобаларды жасау бағытында эксперттер келеді. Жыл бойы осы жұмыстар жүргізіледі. Бұдан бөлек, республика деңгейінде әр мұғалім өз саласы бойынша біліктілік курстарынан өтеді.

– **Бүгінде арнаулы оқу орындарына аккредиттеуден өту талабы қойылып отыр. Жалпы аккредитацияның артықшылығы неде?**

– Орынды сұрақ. Аккредитация деген мәселеге келетін болсақ, қазір еліміздің колледждері халықаралық салалық аккредиттеуден өту деген талаппен жұмыс жасап жатыр. Облыста алғашқы болып, біздің оқу орнымыз, яғни И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық жоғары колледжі энергетика мамандықтары бойынша АҚШ-тың Флорида штатындағы NCCER агенттігі арқылы халықаралық салалық аккредиттеуден өтті. Нәтижесінде, аталған агенттік біздің барлық теориялық және практикалық жұмыстарымызды сынамадан өткізіп, жоғары бағасын беріп, куәлігін тапсырды. Бұл колледжге не береді? Осы жөнінде айтар болсақ, біріншіден, бітіруші түлектерге қосымша сертификат беріледі. Ол сертификат әлемнің 70 елінде мойындалады екен. Мысалы, біздің электро-энергетика мамандығы бойынша 11 студентке осындай сертификат берілді. Сонымен қатар, оларға «Коммерциялық электрик» деген қосымша біліктілік берілді. Атап айтқанда, студенттер жоғарыда айтып өткеніміздей, 70 елдің біріне барып жұмыс істеуіне болады. Әрине, бұл жерде тіл білуі маңызды.

Бұдан бөлек, қазір колледждердің негізгі қаржыландыру көзі – жан басына шаққандағы қаржыландыру. Айталық, колледждегі 1450 студентке республикалық бюджеттен қажетті қаражат бөлінеді. Сол қаражат колледж қызметкерлерінің еңбекақысына, студенттердің стипендиясына, сондай-ақ оқу орнының материалдық базасын дамытуға, коммуналдық төлем-

дерге, салыққа жұмсалады. Бүгінгі күні жан басына қаржыландыру көлемі 500 мың теңге шамасында, алдағы жылы бұл қаражат 700-800 мың теңге деңгейіне көтеріледі деген жоспар бар. Осы ретте айта кетейік, алдағы уақытта колледждер төрт лигаға бөлінеді, халықаралық аккредиттеуден өткен колледждер 1-лигаға кіреді. Одан кейін 2-лигада – тірек колледждер, қалған колледждер 3-4- лигаға кіреді. Егер біз осы 1-лигаға кіретін болсақ, жоғарыда аталған қаржыландыру көлемі 1 млн теңгеден астам көтеріледі деген болжам бар.

– **Өңірге қажетті «Мамандықтар атласы» жасалады. Бұл қатарда сіз қандай мамандықты айтар едіңіз?**

– Менің ойымша, бірінші кезекте энергетика, сосын коммуналдық қызметтер және ауыл шаруашылығы – адам өмір сүрген жерде болатын қажетті салалар. Сондықтан осы салаларға мамандар дайындау өте өзекті. Сондай-ақ қазір IT саласын, яғни жасанды интеллект қызметін айтуға болады. Бұл заманауи жетістікті қазір барлық салада пайдалана бастады. Мысалы, мал шаруашылығында кеңінен қолданылып жүр. Енді егіс алқаптарында қолданыла бастады. Оның тиімділігі, егістің суарылу деңгейі, өнім көлемі, арашөптердің мөлшері болсын, барлығын автоматты түрде есепке алып, компьютерге мәліметін беретін дрондар бар. Бұл да – IT-дің бір тармағы. Сол сияқты, жоғарыда айтқан энергетика, коммуналдық бағыттарды да IT саласына қосып дайындайтын болса, бүгінгі күні ең өзекті әрі қажетті осы болмақ.

Автомобиль саласы бойынша дайындалады. Бұл мамандар да өте қажет. Себебі, қазір автомобиль жөндейтін білікті мамандар жетіспейді. Сондай-ақ автоэлектриктер қажет. Осы мамандықтардың барлығы да біздің жоспарымызда бар. Бұрынғы ескі техникамен үйретудің өзі қазір жарамайды. Жаңа стендтер, лабораториялық құрылғылар, зертханалық кешендер алуға тиісті қаражаттарын есептеп, осы жылы алуды жоспарлап отырмыз.

– **Өткен оқу жылында колледжде қанша маман даярланды, сондай-ақ олардың жұмысқа орналасуы қай деңгейде?**

Өткен жылы колледжді 350-дей түлек бітіріп, диплом алған. Биыл да сол деңгейде, 350-400-дей түлек бітіреді. Оқыту процесі академиялық кестеге сәйкес жүргізіліп жатыр. Қазір екінші семестр басталды. Маусым айында

студенттер қорытынды аттесттаудан өтіп, диплом жұмыстарын қорғап, мемлекеттік емтихан тапсырып, айдың аяғында диплом алады.


Иә, бітірушілерді жұмыспен қамту алдыңғы кезектегі мәселе деп айтар едім. Себебі, колледждің білім беру қызметінің сапасы бірінші кезекте сол көрсеткішпен бағаланады. Бүгінде түлектердің 75,9 пайызы жұмыспен қамтылған. Әрине, соншалықты жоғары көрсеткіш емес. Сонымен қатар, бұл оңай да мәселе емес. Осы ретте біз колледжді бітірген түлектердің жоғары білім алуына басымдық беріп отырмыз. Егер колледж түлектері ЖОО-ға мемлекеттік грантпен түсетін болса, бұл да үлкен көрсеткіш. Сондықтан кәсіби бағдар беру жұмыстары жан-жақты жүргізіліп келеді. Айталық, аграрлық бағытта бітірген түлектерді Ұлттық аграрлық университетке, техникалық бағыттағы түлектерді Қарағанды техникалық университетіне, автомобиль, транспорттық бағыттағы түлектерді М.Тынышпаев атындағы көлік және коммуникация академиясына, тағы бірқатар мамандықтар бойынша Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті мамандарымен бірлесіп, кәсіби бағыттау жұмыстарын қолға алдық.

Айта кетейік, өткен жылы облыста «Үздік білім беру ұйымы» деген жүлде алдық. Бұл біздің колледжге жүктелген сенім мен жауапкершілік деп есептейміз. Сонымен қатар, салалық аккредиттеуден де сәтті өткенімізді жоғарыда айттым. Осы бағытымызды әрі қарай жалғастырып, бұл мамандықтармен тоқтап қалмаймыз. Осы оқу жылында энергетикамен қоса, құрылыс, ветеринария салалары бойынша мамандықтарды аккредиттеуден өткізуге жан-жақты дайындық жүріп жатыр. Жоғарыда айтылған стратегиялық жоспарға сәйкес 12 мамандықты жоспарлап отырмыз. Дуальді оқыту жеті мамандық бойынша жүзеге асырылып отыр. Бұл да өзекті мәселенің бірі. Қазір жылу-электр орталығы, Ы.Жақаев атындағы құрш ғылыми-зерттеу институты, тағы басқа, осындай 7 мекемемен дуальды оқыту жөнінде келісім-шарт жасалған. Жылдың аяғына дейін бұл мамандықтардың да санын көбейтеміз. Тағы бір жаңалық, келешекте облыстағы шыны зауытының даму жоспарына сай зауытқа қажетті 30-дан астам біліктілік бойынша мамандар дайындаймыз деген жоспарымыз бар.

Бүгінде колледждің арнаулы қаржысы және демеушілер есебінен он шақты дәрісхананы жөндеуден өткіздік. Ғимарат жай жөндеуден өтіп, түнгі жарықтандыру жүргізілді. Бұл жұмыстар әлі де жалғасып жатыр. Биыл акт зал және соған баратын дәлізді толығымен кейінгі үлгідегі дизайнмен жабдықтаймыз.

И.Әбдікәрімов атындағы жоғары колледждің 95 жылдығы екенін айтып өттік. 2020 жылы колледждің 90 жылдық тарихы кітап болып шыққан екен. Қазір жұмыс тобы құрылып, осы кезең аралығындағы өзгерістерді, жетістіктерді саралап, алдағы атқарылатын іс-шаралар айқындалды.

Сұхбаттасқан
Ғазиза ӘБІЛДІ,
«Сыр бойы»



Сыр бойы

№19-20 (20895-20896) 8 ақпан, сенбі 2025 жыл

Тарихты тұлғалар жасайды. Олар халықтан биік емес, сөйтсе де ондай жандардың еліне деген сүйіспеншілігі, ел ісіндегі адалдығы өздерін сырт көзге көп ішінен ерекшелеп, биіктетіп тұрады. «Адам өлген күні өлмейді, ұмытылған күні өледі». Ал тарихи тұлғалар ұмытылмақ емес. Ендеше оларды мәңгілік һәм мәнді ғұмырдың иесі деуге болады.

Жерлесіміз, Жалағаш ауданының Құрметті азаматы, мемлекет және қоғам қайраткері Нұрлыбек Жолдасбаевтың да өмірден озғанына бір жыл болыпты. Тіршіліктегі дәм-тұзы таусылғанымен, Нұрлыбек ағамыздың шын өмірі енді басталды. Жаны Хақтікі болғанымен, тіршілігіндегі атқарған ісі – халықтыкі. Содан да ол дүниенің дидарынан көшіп, халықтың жүрегінен мәңгілік қоныс тепті.

ТАУЛАР АЛЫСТАҒАН САЙЫН БИІКТЕЙДІ

Нұрлыбек Қалжатайұлы – кешегі кенес заманында аядай ауданнан, алақандай ауылдан шығып, Мәскеуден жоғары білім алған аз ғана жерлестеріміздің бірі. 1976 жылы Қызылорда қаласындағы совхоз техникумды бітіріп, «Мәдениет» совхозында бір жыл жұмысыы болды. 1977 жылы Мәскеудегі К.Тимирязев атындағы Ауыл шаруашылығы академиясына түсті. Өміріндегі ең үлкен белесі сол Мәскеуден басталған еді. Аталған академиядан зоо-техник-зооинженер мамандығы бойынша білім алып, ауыл шаруашылығы сала-сының ғалымы атанып шыққан оның алдынан нұрлы болашаққа бастайтын даңғыл жол ашылды. 1983 жылы қолына дипломнан алған жас маман жолдаммен Талдықорған облысы Андреевка ауданы «Қызылащы» колхозына барды. «Қызылащы» Жетісу өңіріндегі биязы жүнді меринос қойын өсіріп отырған ең үлкен совхоз еді. Директордан бастап, айналасындағы азаматтардың барлығы да ұзақ жылдық еңбек өтілі бар тәжірибелі мал шаруашылығының мамандары. Десе де, олар академия тәмамдаған жас маманға жаңа ортаға үйренісіп кеткенше қолдан келген көмегін аяған жоқ, бас зоотехниктің бойындағы зиялы адамға тән жақсы қасиеттерін жеке білімін, білігін, іскерлігін бағалап, құрметтеді.

1984 жылы Сыр еліне оралды. Күшағынан шығып кеткен баласын бірнеше жылдан соң туған ауылы жылы қабақпен қарсы алды. Кешегі атақты академияның түлегі енді жас маман емес, бір жыл болса да тәжірибе жинап, сақайып келген білікті маман. Ауылға келген бойда директордың бұйрығымен совхоздың бас зоотехниктің болып жұмысқа қабылданды. Төңірегі түгел таныс, айналасының бәрі ағайын-туысы. Ауыл шаруашылығының білдей ғалымы болып келген азаматқа бүкіл ауыл құрмет көрсетеді.

Ол жылдары «Мәдениет» совхозының директоры Қозытай Әбуов. Совхозда екі мыңға жуық ірі қара бар еді. Аналық сиырларды қашыру мен қолдан ұрықтандыру жұмыстары, шағылысқа түскен қашарлардың есебін алып, қатан бақылау, жоспарға сәйкес төл аул, ет-сүт өндіру, қолдан ұрықтандыру пункттерін талапқа сай даярлау, техник-осеменаторларды дайындау, аналық сиырлардың ауруларына қарсы профилактикалық емдеу шараларын жүргізу, цехтың санитарлық тазалығын қадағалау, қыстық жем-шөп қорын жасақтау, жайылымдық жерді реттеу секілді жұмыстардың барлығы бас зоотехниктің тікелей жауапкершілігінде. Сондықтан да жас маманға тәулік мезгілімен санаспай жұмыс істеуге тура келді. Еңбегі нәтижесіз болған жоқ, межелі жоспар ретінде әрмен қарай Ресей асты. Содан соң күріштің айырбас тауарлары Жалағашқа жетті. Тағы бірде Садық Әлиевпен кенесіп, Өзбекстаннан қою май алдыратын болды. Бірақ оған ақша керек. Амал жоқ, Серғазының көмегіне жүгінуге тура келді. Ол мынадай схема бойынша жүзеге асты: Жалағаштан бір вагон қара күріш тағы да Оралға жөнелтілді. Дәнді дақыл алдын ала келісілгендей, Оралдағы дүірменде ақталып, Ресейге жеткізілді. Ал Өзбекстан Ресейден картоп алатын болып, Жалағашқа жіберетін бір цистерна жанар-жағармайының ақшасын Ресейге жіберген күріштің құнымен есептесті. Міне, сөйтіп онтүстіктегі көршімізден ауданға алыс тонна жанар-жағармай келді де, тұрып қалған ауыл шаруашылығы техникалары от алып, жұмысқа қосылды.

1986 жылы Қозытай Әбуов Жаңақорған ауданының «Келінтөбе» совхозына директор болып кетті де, оның орнына Қазақстанның Ленин комсомолы атындағы совхоздың (қазіргі «Еңбек» ауылы) бас экономисі Қасымбек Нәдірбеков келді. Ол кісі де өз саласының маманы. Бірақ үлкен шаруашылықты басқару онай емес. Алайда қарамағындағылардың барлығы тәжірибелі, өз саласын жетік біледі. Соның арқасында Нәдірбеков директор болған екі жыл жақсы көрсеткіштермен ел есінде қалды.

1987 жылдың соңында Қасымбек Нәдірбеков совхоз басшылығынан босады. Бұл жылдары КСРО басшысы М.Горбачевтың қайта құру деген жиялымжқ саясатының арқасында совхоз директорлығы мен түрлі мекеме басшылығына бірнеше үміткер ұсынылып, еңбек ұжымы көпшілік дауыспен сенім артқан үміткер басшылық лауазымға тағайындалатын. Директорлыққа 3 кандидат тіркелді. Олардың бірі – сол кездегі аудандық «Казель-хозтехника» деп аталатын нән мекеменің басшысы Сұлтан Шегенов, екіншісі – «Мәдениет» совхозының бас агрономы Кәмтінбек Тәуіпбаев, үшінші үміткер – совхоздың бас зоотехникі Нұрлыбек Жолдасбаев. Үш үміткер де тәжірибелі, халыққа жақын.

Басым дауысқа ие болған Нұрлыбек Қалжатайұлы «Мәдениет» совхозы тарихындағы бесінші директор болып сайланды. Жаңа директор алғашқы күні кабинетіне ұжымнан жинап, жылдық жұмыс жоспарды талқыға салып, пысықтап алды. Шаруашылыққа қатысты мәселелердің шешілу жолдарын қарастырды. Күріш дақылынан бөлек, егін шаруашылығын әртараптандыруды және өнімді молайтуды, мал басын көбейтіп, оның сапасын арттыруды қолға алды. Ол жөніндегі Үкіметтің жоспарлары мен міндеттемелері де бар. Өндіріске озық тәжірибелерді енгізіп, тиісті, жауапты мамандарға еңбек өнімділігін жоғарылату, жұмыс сапасын жақсарту және қызметтік тәртіпті сақтау

тұрғысынан қатаң талап қойды. Бірлесіп, түсінісіп атқарған сан салалы жұмыс өз нәтижесін берді.

1990 жылы «Мәдениет» совхозының директоры болып Мейрамбек Еспанов келді де, Нұрлыбек Қалжатайұлының қызметі аудан орталығына ауысып, ауыл шаруашылығы қызметкерлері аудандық кәсіподағының төрағасы болды. Ерікті ұйымның жұмысы былайғы жұртқа елеусіз көрінгенімен, кәсіподаққа мүше азаматтардың әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін қорғау және еңбек қатынастары төңірегінде туындаған мәселелерді зан аясында шешуде елеулі рөл атқарады. Нұрлыбек Жолдасбаев екі жылдық қызметінде осындай жауапты жұмысты абыроймен атқарды.

Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары мемлекет жоспарлы экономикадан нарықты экономикаға көшіп қалды. Шаруашылықтардың қажеттілігін өтеу қиынға соқты. Осындай ауыр кезеңде ауданда «Асар» ассоциациясы құрылды. Мақсаты – аты айтып тұрғандай, іскер азаматтардың басын біріктіріп, қазақы әдіспен асарлапты, елге көмектесуе. Құрылтайшылар сол қоғамдық ұйымды басқара алады деген кандидаттардың ішінен қоғамдық өмірге жаңаша көзқарасы бар, танымсы, білімі жоғары Нұрлыбек Жолдасбаевты қолайлады. Сөйтіп 1992 жылы Нұрлыбек Қалжатайұлы «Асар» ассоциациясының төрағасы болып тағайындалды.

Шаруашылық ісіне бейім азамат бұл жұмысты да дөңгелентіп алып кетті. Сол жылдары нарыққа көшу жөніндегі реформаны басқарған Садық Әлиевпен кеңесіп отырып, жоспарлы жұмыс жүргізді. Халық тұрмысының түзелуіне сеп болатын деп «Асарға» басшылыққа барған азаматқа Мәскеуде бірге оқыған кәсіпкер достары қол ұшын созды. Соның ішінде курстасы, Ақтөбеде тұратын семейлік кәсіпкер Серғазы Есенбаев Жалағаштан тығыз байланыс орнатып, ауданға қажетті мүлік-мүкәмалмен қамтамасыз етіп отырды.

Ол жылдары қаржы айналымы тоқтаған, жергілікті биліктің қолында күріштен басқа ештеңе жоқ еді. Керекті дүние тек күрішпен айырбас жасалады. Тіпті кейбір мекеме қызметкерлерінің айлық жалақысының өзі күрішпен төленеді. Бірде Нұрлыбек Жолдасбаев Қазақстанның барлық өңіріндегі кәсіпкерлермен бизнес әріптестік орнатқан Серғазы Есенбаев арқылы Оралдағы астық қабылдау кәсіпорнының директорымен танысып, бірнеше тонна қара күріш жіберді. Сыр бойының «сары алтыны» күріш ақтайтын зауыттың дүірменнен өткеннен кейін «ақ маржанға» айналып, бағалы тауар ретінде әрмен қарай Ресей асты. Содан соң күріштің айырбас тауарлары Жалағашқа жетті. Тағы бірде Садық Әлиевпен кенесіп, Өзбекстаннан қою май алдыратын болды. Бірақ оған ақша керек. Амал жоқ, Серғазының көмегіне жүгінуге тура келді. Ол мынадай схема бойынша жүзеге асты: Жалағаштан бір вагон қара күріш тағы да Оралға жөнелтілді. Дәнді дақыл алдын ала келісілгендей, Оралдағы дүірменде ақталып, Ресейге жеткізілді. Ал Өзбекстан Ресейден картоп алатын болып, Жалағашқа жіберетін бір цистерна жанар-жағармайының ақшасын Ресейге жіберген күріштің құнымен есептесті. Міне, сөйтіп онтүстіктегі көршімізден ауданға алыс тонна жанар-жағармай келді де, тұрып қалған ауыл шаруашылығы техникалары от алып, жұмысқа қосылды.

Нұрлыбек Жолдасбаев араға 3-4 жыл салып, қайтадан туған ауылына табан тіреді. Бұл 1993 жыл еді. Аудан орталығындағы қоғамдық ұйымдарды олыксынайы, жұмысына аса жауапкершілікпен қараған және сол орындарда отырып-ақ бүкіл шаруашылықтардың тіршілігін жандандырған іскер азамат жергілікті биліктің қолдауымен, халықтың қалауымен «Мәдениет» кеңшарының директоры болды. Бұл тәуелсіздіктің алғашқы бесжылдығының бел ортасы болатын. Жекешелендірудің екінші кезеңі басталып жатты. Ел ішіндегі әлеуметтік ахуал қиындаған. Аудан, облыс орталығындағы өндіріс орындары жабылған. Ауылдық жерлерде күріш өсіріп, бақша егуден басқа жұмыс жоқ. Оның өзі үлкен күшке түседі. Ауыл шаруашылығының қандай жұмысы болса да қол күші мен техникаға тәуелді. Жанар-жағармай тапшы. Жұмысшылардың еңбекақысын тауып беру басты мәселеге айналған. Осылай бір қиындықтың қырғығына екіншісі жалғанған, бас көтертпей, қадам бастырмайды.

Директор сиыр фермасының жайың жақсы біледі. Ет-сүт өндірудің жаңа технологиялық мүмкіндіктерін қарастырып, өнімділігін арттыра ала ма? Егіс көлемі ұлғайғанымен, Кеңес дәуіріндегідей көрсеткіш жоқ. Жоспардың орындалмай қалу қаупі бар. Өйткені, жер танабын қуырып, егіс алқабында ойқастап жүретін кенестік комбайндар мен тасымалға арналған жүк көліктерінің бәрі ескірген. Техникалық базаны жаңалап, қайта жасақтамай, күріш алқабының көлемін көбейткенмен нәтиже болмайды. Бұзылған техникалардың ко-

ТАҒЗЫМ

салқы бөлшектерін Қазақстанды шарлап таппасаң, Ресей асасын және табылған күнде де ол тегін келмейді. Директор мал шаруашылығын жігіт бақылайды. Құнара фермаға өзі барып, аналық сиырлар мен жас төлдердің жай-күйін көзімен көреді. Жаңа туған бұзауларды енесінен ерте айырып, құрғақ сүтпен қоректендіру әдісімен күнделікті өткізетін сүт мөлшерін көбейтуді қолға алды және ол нәтиже берді. Жоспар орындала бастады.

Ел аузында «тоқсан үштің қалың қары» деген тіркес түзілген. Қазір де қыс қаһарына мінесе, үлкендер жағы осы сөзді айтып, сол қысты еріксіз есіне алады. Сол Тауық жылы жұт болды. Қардың қалыңдығы тізеден асты. «Жаңадария» бойында отырған шопандардың шөмелесі таусылып, отар-отар қойы өріске шыға алмай қорада қантарылып қалды. Жолдар жабылып, арақатынас үзілді. Салдарынан совхоздың мыңдаған қойы қырылды. Сол жылы «Мәдениет» совхозының да жағдайы маз болған жоқ. Мал азығы таусылған. Шөптің орны тықырлап, қаптың түбі көрінген. Малдың барлығы қақтығысқан көтерем. Фермадағы сол көтерем сиырлардың құйрығы қатты аяздан жерге жабысып қалды. Аяз бен аштық қатар қысқан сауын сиырлар өле бастады. Директор қандай амал қыларын білемді. Қысқа жіп күрмеуге келмейді. Ауданнан көмек сұрағанымен, қайран жоқ. Барлық жерде осы жағдай. «Жау жағадан алғанда, бір етектен тартады» дегендей, жоқшылыққа жұт жалғасты. Қарекет қылып, қалайда мал басын аман сақтап қалудың қамына кірісті. Шұғыл бірнеше бригада құрылып, ауылдың айналасындағы көлдер мен каналдардың бойынан қамыс шапты. Халық бірігіп, қозғалса үлкен күш қой, екі-үш күнде қу қамас тау болып ұйылып қалды. Құрайды ДКУ-ге тартты. Соңын сары ұнтағын жемге араластырды. Бұны сиырларға әжептәуір талғажау қылды. Кезекшілік ұйымдастырылып, ферма ішінде тәулік бойы жұмыс жүрді. Сондай жанкешті іс-қимылдың арқасында көктемге ілініп, совхоз мал басын сақтап қалды.

Көктемгі егіс –бұл да бір қызу науқан. Техникалардың барлығы азып-тозып тұр. Әсіресе, егістік жұмыстарына ең қажетті «Алтай» деп аталатын алып шынжыртабан тракторды жөндеп шығару керек. Оңсыз жер жыртылмайды. Ал сұрастырғанда оның қосалқы бөлшектері ел төңірегінде жоқ болып шықты. Іздеген адам зауытынан ғана табады екен. Алдымен аудан орталығындағы Садық Әлиевке хабарласып, ақылдасты. Сөйтіп, бір байлам жасады. Тағы да араға Мәскеуде бірге оқыған куртас досы Серғазыны салды. Екеуі алдымен Семейге ұшып барып, әрі қарай Ресейдің Рубиовск қаласындағы «Алтай Т-4» тракторын құрастырып шығаратын зауытқа жетті. Зауыт басшыларымен кездесіп, сол жерден өздеріне қажетті қосалқы бөлшектерге тапсырас берді. Бағасына қарай ақшасын Серғазы сол жаққа аударды. Сөйтіп бір аптадан соң ауданға алып трактордың қажетті бөлшектері келіп, тұла-бойы бүтінделді. Бір айдан соң гараждан сақадай болып шыққан «Алтай» егіс даласын дүбірлетіп күріш алқаптарына соқа салды. Сол жылы орақ науқаны берекелі болды. «Мәдениет» совхозы өз гектардың 60 центнер өнім алып, рекорд жасады. Чемпион атанған шаруашылыққа облыс әкімі Бердібек Сапарбаев арнайы келіп, «Волга» автокөлігін тарту етті.

1997 жылы 29 желтоқсанда Жалағаш ауданына Қожахмет Баймаханов әкім болып бекіді. Аудан халқы қуанды. Көбі іскер азаматтың бұрынғы еңбек жолын біледі. Жалағашқа келген соң да қиындықтарға қарамастан көп жұмыс бітірді. Кент келбеті өзгерді: ескі ғимараттар жанарды, жаңа нысандар бой көтерді, көшелер кеңейтіліп, жасыл желекке бөленді.

Қожахмет Баймаханов қатаң һәм әділ басшы болды. Қарамағындағы бөлім басшылары және жауапты қызметкерлерден білім мен еңбек қана талап етті. Ұзақ жылдар қызмет істесе де, білімі таяз, таңырбесі жоқ, мемлекет ісіне немқұрайлық танытқандарға кешіріммен қарамады. Керісінше, өз саласы бойынша білімді, білікті, жұмысына жауапты азаматтарға қолдау көрсетіп, көтермелеп отырды. Мәскеуден білім алып келген, ауыл шаруашылығын жақсы білетін Нұрлыбек Жолдасбаевты өзіне орынбасар етіп тағайындады.

Бірде ауданға облыс әкімі Бердібек Сапарбаев арнайы жұмыс сапарымен келіп, атқарылып жатқан жұмыстарды аралап көрді. Қиын кезеңде жолын тауып, жұмыс жүргізіп отырған аудан басшысына ризашылығын білдірді. Сол сапарында Бердібек Машбекулы Қожахмет Баймахановтан «Өзін білесің, Қызылорда – аграрлы аймақ. Өндіріс орындары жоқ. Бұл өңірдің әлеуетін көтеретін тек ауыл шаруашылығы. Маған сол ауыл шаруашылығын жақсы білетін және жұмыс істей алатын маман керек...» деп сұрады. Сонда аудан әкімі ойланбастан, «Нұрлыбек Жолдасбаев деген менің орынбасарым бар.



Тимирязев академиясын бітірген мықты маман. Ауылдың баласы. Егінің күтімін де, малдың жайын да жақсы біледі» деді. Облыс әкіміне ол жігіттің есім-сойы таныс еді.

1998 жылдың күзінде Нұрлыбек Жолдасбаев облыстық ауыл шаруашылығы департаментінің басшысы болып тағайындалды. Аталған қызмет орнында бір жылға жуық отырды. Бірде облыс әкімі шақырты.

– Нұрлыбек Қалжатаевич, сені ауданнан аттай қалап өзім алдырып едім. Қазіргі ел жағдайын өзің білесің, өте қиын. Дегенмен, сол қиындықтарға қарамастан өз салаң бойынша нәтижелі жұмыс істедің. Өріне, оған сенің білімің де, тәжірибең де жетеді. Енді сені облыс әкімінің орынбасары етіп тағайындағалы отырмын және бұл қызметті де өз дәрежесінде абыройлы атқаралы деп сенемін, – деді. Аймақ басшысы сенім артқан маман 1999 жылдың наурыз айынан бастап облыс әкімінің орынбасары қызметіне кірісті. Аз уақыттың ішінде жолындағы кедергілер мен қиындықтарға қарамастан өз саласына қатысты күрмеулі мәселелердің шешілуіне мұрындық болды. Өзіне үнемі көңілі толмай, сын көзбен қарап жүретін азаматтың алар асуы әлі алда тұр еді. Бірақ, ол лауазымдық қызметті небәрі 9 ай ғана атқарды.

1999 жылы облыс әкімі Бердібек Сапарбаев Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі болып қызмет ауыстырды да, орнына бірінші орынбасары Серікбай Нұрғисаев тағайындалды. Сол жылы Қожахмет Баймаханов Қызылорда қаласының әкімі болып кетті де, Жалағаш ауданының әкімі қызметіне Нұрлыбек Жолдасбаев кірісті. Тоқырау тудырған қиындықтар әлі ел енесін көтертпей тұрған кез болатын. Әсіресе, ауыл шаруашылығына қатысты мәселе көп. Әлеуметтік ахуал да оңала қоймаған. Бюджетте ақша жоқ, салық түсімдері өте төмен. Бюджеттік мекемелерде жұмыс істейтін қызметкерлердің жалақысын тауып берудің өзі мәселеге айналған. Жұмыссыздықтың деңгейі өскен. Мұндайда елі еріне сенеді.

Жалағаш – Нұрлыбек Жолдасбаевтың өз ауданы, туған жері. Сондықтан оның жауапкершілігі еселенді. Туған топырағына бір шыбық болса да қадап, көктету – әр перзенттің парызы. Аудандағы бірінші лауазымды тұлға болғанымен, жалғыз өзі іс бітіре алмайтыны тағы бар. Төрт орынбасары да мемлекет ісінде тәжірибелі, өз саласын жетік біледі. Жоспар-жобалары да бар. Бірақ оны жүзеге асыруға аудан бюджетінің мүмкіндігі тағы да көтермейді. Жоқшылықтың қамытын киіп алып, заманның ыңғайына жетіліп жүре беруге тағы болмайды. Осы орайда «Агросоюз» мекемесі құрылды және ол мекемені ауыл шаруашылығының тәжірибелі маманы Мұстафа Мамытов басқарды. Бірақ нарықтың қиындықтарына төтеп бере алмай, жұмысын тоқтатты. Күріш қалдығынан биоотын шығаратын қытай зауыты келді. Ол да сынақтан сәтті өтпеді. Сөйтсе де, қарекетсіз отыра алмады. Білімін, тәжірибесін пайдаланып, халықты тығырқатан алып шығудау барынша күш салды.

Елу жыл бойы үздіксіз күріш егілген Егістік жерлер әбден тозған, топырақтың құнары жоғалған. Қажетті минералды тыңайтқыштар берілмесе, жоспардағы өнімді алу қиын. Аудан әкімі осы мәселеге бас назар аударды. Аудан тұрғыны, кәсіпкер Кім Сергейге «Казсельхозтехника» мекемесінің бос тұрған қоймаларына жалға алуға және элеватордан фишер есебінен күріш босатуға көмектесіп, мекеме орналасатын жер телімін де заңдастырып берді. Өкімінен қолдау болған соң іскер жігіт Сергейдің жұмысы бірден жанданып жүре береді. Нәтижесінде, күріш көлемі артып, 17 мың гектарға дейін жетті. Жоңышканы басқа дақылдармен бүркемелеп егу, күздік бидай және тағы басқа да бақша дақылдарын қосқанда, жалпы егістік көлемі 30 мың гектарға ұлғайды.

Нұрлыбек Қалжатайұлы бірнеше жыл бұрын құрылған «Агроинвест» мекемесінің жұмысын жандандырды. Сондай-ақ сол жылы металлоконструкциядан мәдени-сауықтыру кешенінің жоспар-жобасы жасалды. Төретамдағы «Инфрокос» ЖШС-мен келісіп, қажетті материалдар алды да, аудан орталығынан кешен құрылысын бастады. Бірақ, өкінішке қарай, қызметі ауысып, құрылыс жұмыстары тоқтап, аяқталуы біреу жылға кешеуілдеп қалды.

Жалағаш ауданынан соң бір жыл облыстық ауыл шаруашылығы басқармасына басшылық жасап, жемісті еңбек етті. Одан кейін Жаңақорған ауданының әкімі болып тағайындалды. Облыс әкімі Икрам Адырбеков сексен мыңға жуық халқы бар үлкен ауданды сеніп тапсырған соң Нұрлыбек Қалжатайұлына енді бұрынғыдан да ышрақ қимылдап, қырқынды жұмыс істеуге тура келді.

Жаңақорғанды тура 1 жыл 10 ай басқарды. Әкім болып келгеннен тұрғындардың әлеуметтік мәселесіне назар аударды. Арнайы кесте бойынша жеке қабылдауларды жиі өткізіп, тұрғындар мәселесін

мүмкіндігінше шешіп беріп отырды. Елдің игілігіне ортақ жұмыстар да жақсы жүрді. Әлеуметтік нысандар мен тұрғын үйлер бой көтерді. Одан бөлек, қысы-жазы егістік алқаптарын аралап, малшылардың жайлау-қыстауларының жұмысымен танысалды. Әкім екенмін демей, егіншілердің дала қосынан, малшылардың жеркепесінен шайсу ішіп, еңбек адамдарымен ақтарылып әңгіме-дүкен құрады. Сол жарты сағаттық әңгімелесу барысында өзі де бірталай мәңжайға қанығалды, әкіммен ақтарыла сөйлескен еңбек адамдарының да іші босап, көңілі жадырап қалады. Іскерлігінен, сауаттылығынан бөлек, сол қарапайымдылығы үшін де аудан халқы әкімге жоғары баға беріп, құрметтеді.

Халықтың назарына іліккен іскер басшыға үлкен жауапкершілік артылатыны белгілі. Нұрлыбек Қалжатайұлы 2007 жылы Қызылорда облыстық жер қатынастары басқармасының басшысы болып тағайындалды. Бұл лауазымдық қызметті де абыроймен атқарды. Алдына келетін жер учаскелеріне қатысты мың сан құжатты әбден елеп-екшеп алып қол қойып, мөр басады. Заңсыздықтарға жол бермеуге тырысты. Өйткені, ұлтрақтай жердің өзі талас-тартысқа түсіп жатқан кез. Меншігінен әрі-бері өтіп кеткен бір сүйем жер үшін бір-бірінң үстінен шағым айтып, арызданушылар көп. Сондықтан жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру барысында өзі басшылық жасаған басқарманың миссиясы мен міндеттеріне сәйкес адал да әділ жұмыс істеп, ел абыройына бөленді.

Аталған басқарма басшылығында 1 жыл 6 ай отырған Нұрлыбек Жолдасбаев 2008-2013 жылдар аралығында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі облыс бойынша бақылау және әлеуметтік қорғау департаментінің директоры және 2013-2017 жылдары облыс бойынша еңбекті бақылау басқармасының басшысы болып он жылға жуық қызмет істеді. Бұл жерлерде де басшының азаматтығы сыңға түсті. Департамент пен басқарманың міндеттерін бойынша өз құзыреті шеңберінде халыққа сапалы қызмет көрсетті. Жұмыс беруші мен жұмысшының арасындағы жасалған еңбек шарты жиі бұзылады. Ондайда аталған басқарма жұмыскерлердің құқықтары мен бостандықтарының сақталуын және қорғалуын қамтамасыз ету міндеттерін бойынша ең алдымен жұмысшылардың мүддесін қорғайды. Өйткені, көбіне заңсыз жұмысқа жегетін жұмыс беруші, зардап шегетін жалданған жұмысшы. Даудың көбі еңбек төлемдеріне байланысты болады. Айлық жалақыларын бермей, олардың еңбек қалжасынның сақталуын қадағаламай, адам өміріне немқұрайды қараған кішігірім кәсіпорындардан бастап, алпауыт компанияларға дейін батыл тексеру жүргізіп, былыққа толы ішкі қоясын ақтарды. Ақшаға сатылмады, сырттай және ашықтан ашық жасалған қоқан-лоқыдан ықпалды. Сөйтіп, еңбегі еш кетіп, тұзды сорма айналып сансырап жүрген талай жанға жәрдемдесті.

2015 жылы Қызылорда қаласының солтүстік батысынан шыны зауытының құрылысы басталғанда аймақ халқы қуанған. Расында, зауыт іске қосылса, жүздеген адам жұмысқа орналасады, кәсіпорынның шығаратын тауары аз аймағамызда қолжетімді болады және экономикаға оң әсерін тигізеді деп жоспарланған еді. Алайда зауыттың құрылысы ұзаққа созылды. Мердігер компания тарапынан еңбек шарты бұзылып, жұмысшылар ұзақ уақыт айлық жалақыларын алмады. Солардың арыз-шағымы бойынша аталған мекемені тексеруге кірісті. Нәтижесінде қаржылық заң бұзушылықтар анықталып, жұмысшылардың еңбекақылары толық төленді. Заңсыздықтарға жол бергендер жауапқа тартылып, тиісті жазасын алды. Көп өтпей тоқтап қалған зауыт құрылысы қайта жанданды. Сөйтіп құзырлы басқарманың басшысы ретінде «сақалды құрылысқа» айналған шыны зауытының іске қосылуына ықпал етті.

Нұрлыбек Жолдасбаев 2017 жылы облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына басшы болды. Табиғатты пайдалануды заңмен реттеп қойса да, адамдардың материалдық дүниеге деген ашкөздігі ол заңдарды пысықрмайды. Қызылорда облысы экологиялық аймақ болған соң, бұл басқармаға да заң бұзушылықтарға қатысты арыз-шағым көп түседі және ол мәселелердің барлығына да мекеме араласады. Ондайда басшы ретінде ғана емес, осы өңірде кейінгі ұрпағы өмір сүретін азамат ретінде кейде қатты кетеді. Бірақ «жалғыздың үні шықпайды». Бірақ басқармадан кетуіне де жерден тұз жалап, көктен у жұтып отырған жергілікті халықтың мүддесін қорғау жолында өзгермеген азаматтық ұстанымдары себеп болды.

2018 жылы Нұрлыбек Қалжатайұлы зейнет демалысына шықты. Өйтсе де, қоғамдық өмірден қол үзіп қалған жоқ. Облыстық қоғамдық кеңестің және «Ардагерлер дауысы» қоғамдық бірлестігінің белді де белсенді мүшесі ретінде мінберлерден елдің сөзін сөйледі. Қандай қызметте жүрсе де, қандай жағдайда болса да отбасын бір сөт жанардан тыс қалдырған жоқ. Ауялы жары Қатира Жұнісқызымен мәнді, мағыналы ғұмыр кешті. Өке жолын жалғастырып жатқан балалары Аруын, Бақытбек, Данияр да қазірде ер салада лауазымды, жауапты қызметтер атқарады. Үшеуі де халыққа қадірлі азаматқа айналды.

Өмір мәңгілік емес. Бірақ, сол қысқа ғұмырда артында із қалдыру адами парызын. Нұрлыбек Қалжатайұлы 2024 жылдың 6-ақпанында өмірден озды. Қ

/// БРИФИНГ

ЖАЛАҒАШ: АУДАН ХАЛҚЫ ТҮТЕЛДЕЙ ТАЗА СУ ТҮТЫНАДЫ

Жалағаш ауданында жарқын жобалар жүзеге асырылып жатыр. Аудан бюджеті 12,2 млрд теңге болып бекітілсе, өнеркәсіп өнімдерін өндіру 108,8, өңдеу өнеркәсібі 114,9, инвестициялар тарту 117,5, бөлшек сауда 101,5, тұрғын үй көлемі 139,8 құрылыс жұмыстары 135,7 пайызға артқан. Бұл туралы аудан әкімі Ардақ Ибраимов өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте кеңінен айтып берді.

Ауданда шағын және орта кәсіпкер саны 2972-ге жеткен. Қаржы институттары арқылы 325 жоба қаржыландырылып, 176 жаңа жұмыс орны ашылған. «Байқоңыр ӘКҚ» ҰҚ» АҚ арқылы «Ауыл аманаты» жобасы аясында қаржылық қолдауға 48 жоба ие болды. Бұдан бөлек, былтыр 10 жоба мақұлданып, жыл басында қаржыландырылды.

Өңдеу саласын дамыту мақсатында кәсіпкер Серік Халық жеке қаражаты есебінен «AKNIET» құрылыс қоспаларын шығару цехын іске қосты. Цех құрылысқа қажетті 6 түрлі өнім шығаруда. Ал «Таң ЛТД» ЖШС өндірістік база құрылысын жүргізуде. Мақсарыдан май, жүгеріден ұн, күріштен кеспе өнімін шығарады. Кәсіп толық іске қо-



сылса, жаңадан 22 жұмыс орны құрылады. Былтыр кәсіпкерлердің бастамасымен 3 сауда орталығы ашылды.

Ауыл шаруашылығы саласында да өсім бар. Былтыр 36952 гектар жерге егін егілген. Негізгі дақыл күріш 19800 гектарға себіліп, әр гектарынан 60,5 центнерден өнім алынған. Әр отбасы өзін-өзі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету үшін 500 гектар жер беріліп, бақша дақылдарынан мол өнім алды.

— Жол құрылысы және ішкі көшелерді жөндеуге бюд-

жеттен қаржы қаралды. Бұқарбай батыр, «Аққұм», Есет батыр ауылдарының 17 көшесі және М. Шәменов ауылының кіреберіс автомобиль жолы күрделі жөндеуден өтті. Биыл аудандағы жол сапасын жақсартуға қаржы қаралып, 24,6 шақырым автомобиль жолдары мен көшелері жөнделеді. Бүгінде аудан халқы 100 пайыз орталықтандырылған таза ауызсуға қосылған, — деді аудан әкімі.

Тұрғындарды электр энергиясымен қамтуда бірнеше жоба жүзеге асырылуда. Былтыр Мырзабай ахун, Т.Жұр-

генов, Есет батыр елді мекендерінің электр желілері қайта жаңғыртылды. Жалағаш кенті, «Енбек», М.Шәменов ауылдарының электр желілерін жөндеуге демеушілер есебінен жоба-сметалық құжат дайындалып, қаржыландырылуға ұсынылды. Тұрғындардың 46,6 пайызы «көгілдір отынның» игілігін көруде. Өткен жылы «Ақсу», М.Шәменов елді мекендері газға қосылса, биыл Бұқарбай батыр, «Қаракеткен», Далдабай елді мекендеріне газ тартылады.

Денсаулық саласында да атқарылған жұмыс көп. Былтыр Мырзабай ахун, «Аламесеке» ауылында жаңа дәрігерлік амбулатория пайдалануға берілсе, биыл мұндай нысан «Қаракеткенде» ашылады. Облыс әкімінің қолдауымен денсаулық саласы 11 жедел жәрдем автокөлігімен толықты.

Өткен жылы ең ауқымды жобалардың бірі «Руханият орталығының» құрылысы басталып, биыл ел игілігіне берілді. Жалпы, ауданда ауқымды істер атқарылып, әлеуметтік нысандар жаңғыртылса, білім, мәдениет, спорт салаларында да тың жобалар жүзеге асырылуда.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

/// ҚЫЗЫЛОРДА: БІР ҒАСЫР БҰРЫН

ҚЫРЫҚ ЖЫЛҒА ЖАСАЛҒАН ЖОСПАР

1925 жылы 15 сәуірдегі Ақмешіт қаласында өткен бүкіл Қазақстан еңбекшілері өкілдерінің басын қосқан Қазақ АССР Кеңестерінің V съезінде ұлтымыздың «қазақ» деген атауын қайтару, Ақмешітті Қызылорда қаласы деп атауға қаулы қабылданды. Осы қаулыны жүзеге асыру мақсатында Қызылорда уездік қалалық атқару комитеті 1925 жылы 30 мамырда барлық мемлекеттік мекемелер, кооперативтік және басқа да ұйымдарға мөр, мөртабан, мекеме маңдайшаларындағы атауын 1 ай көлемде «Қызылорда» деп өзгертуді міндеттеді.

Көп ұзамай Қазақстанның жаңа астанасы Қызылорданы абаптандыру жоспарын астанаға сай кең көлемді, жүйелі түрде жүргізуді суретші-сәулетші И.Рянгин қолға алды. Қала тұрғындарының даму динамикасын ескере отырып, жоспарды алдағы 40 жылға жасауды ұсынды.

1925 жылы 13 мамырда техникалық кеңес отырысында комиссия мүшесі, қазақтың тұңғыш инженері М.Тынышбаев, И.Рянгин жасаған қаланың эскиздік жобасын баяндап, жобалау принциптерінің қойылған талаптарға сәйкес келетіндігін атап көрсетті.

Съезд қабылдаған қарарда республиканың өнеркәсібін күрделі дамыту, алдағы онжылдықта теміржол және жергілікті жол қатынасын жетілдіру жоспарлары, байланыс құралдарын, көшпелі және селолық аудандарда жылжымалы поштаны, радио-телеграф жүйелерін кеңейту жобалары қуатталды. Бұл мақсатта өнеркәсіпте Қазақстанның маман жұмысшыларын қалыптастыру шаралары белгіленді.



Ақмешітте өткен Бүкілқазақтар Кеңесі V съезінің Президиумы, 15.04.1925 жс.



Қазақ АССР-ы астанасының Орынбордан Ақмешітке көшіп кетуі, 1925 жс.

СЫҒАНАҚТЫҢ ҰСТЫНЫ

Ұстын — қыстау, үй немесе кесенелердің кіреберіс жақтауларына қойылатын тіреу немесе баған, арқалықтың ортасына және екі басына тіреуіш ретінде қойылатын құрылыс құралы. Ол алпауытты болып келеді, мәселен цилиндрлі, төрт қырлы, бунақты, ойымшты, жұмыр, түрлерінде өрнектеліп, сәнділігі жасалынатын түрлері көптеп кездеседі.

Ұстынды кей әдебиетте баған деп те атайды. Осындай ұстындар Сыр археологиясы тарихында ең алғаш ортағасырлық Сығанақ қалашығынан табылды. 2022 жылы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Археология ғылыми зерттеу институты Сығанақ қалашығына археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп, нәтижесінде қыш қаптамалармен қатар, ұстындардың бетін әрлеген шыңылтырлы ұстын қаптамаларын тапты.

Ұстын — сирек кездесетін археологиялық олжа. Облыстық тарихи-өлкетану музейі қорына өткен оның бөліктеріне шыңылтыр жағылған (глазурь-ленген), қанық көк түспен боялған, бетіне өсімдік тектес ою-өрнектер ойылып түскен. Бөліктері аса шеберлікпен жасалған.


Ұстын (бағана) үш бөліктен тұрады: басы, шыбығы және іргетасы. Музейі қорына түскен ұстынның (бағана) басы жә-

не орта тұсы — шыбығы. Екі бөліктің өзінен Сығанақ қалашығының ортағасырлық әсем архитектурасын көруге болады.

Ұстынның басы бүтін сақталмаған, мүжілген, ортасынан сынып, желімделген. Биіктігі — 45 см, ені — 20х25 см, қалыңдығы — 6х9 см. Басы қанық көк түсті, бетіне геометриялық ою-өрнектер түскен.

Ал шыбығының биіктігі — 42 см, ені — 25 см, қалыңдығы — 6 см. Орта тұсы, яғни шыбығы өсімдік тектес майда шимак тәрізді өрнектермен әсемделген. Жақыннан анықталғандар қарасақ, қатар тұрған шеңберлердің үстімен бастыра толқын тәріздіс жиектемелер жүргізілгені анық көрініп тұр.

Бағандар ең алғаш ежелгі Мисырдағы Джосер пирамидасынан бастау алған. Тарихта алғаш рет биіктігі 10 метрге жететін бағананы ежелгі архитекторлар имхотеп тас-тан жасаған. Әр бағананың бір жағын қабырғалармен байланыстырған. Сәулет өнерінде



бағана немесе колонна деп те аталатын бұл дүниелер цилиндр пішінінде, сонымен қатар тас-тан, ағаштан, металдан, саз балшықтан күйдіріліп те жасалатын түрлері болған. Архитектура тілімен айтатын болсақ, антаблементке тірек, яғни бағаналар қандай да бір көлемді құрылыс элементін ұстап қана қоймай, әсемдік немесе триум-

фельді бұйым ретінде де пайдаланылған.

Глазурь неміс тілінен аударғанда «эйнек» деген мағынаны береді. Керамикалық бұйымдардың үй тұрмысында пайдаланатын құмыра, шыны, т.б. ыдыстардың ұзаққа төзімділігін сақтау мақсатында ішкі және сыртқы беттеріне 0,15-0,3 мм жұқа түсірген. Бұл — беріктікті сақтау, керамиканы мықты біртегіс етіп тұру, көздің жауын алатындай әдемілік үшін жағылатын эйнектес зат. Мөлдір, күңгірт, бояулы, бояусыз болуы да мүмкін.

Сығанақ қаласы өз заманында мәдениеті өркендеген, өнері өрістеген ірі рухани орталықтарының бірі болған. Кезіндегі Жібек жолы, қазіргі «Батыс Еуропа — Батыс Қытай» халықаралық автодәлізінің бойында орналасқан, ашық аспан астындағы музей жасауға лайық археологиялық кешендердің бірі. Алдағы уақытта да қалашықтың архитектурасынан мәлімет беретін қызықты олжалар табылады деген сенімдеміз.

Г.ОРАЗАЛИЕВА,
облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері

АЛТЫН ҚАЗЫНА

Қазалы аграрлық-техникалық колледжінде қалалық кітапхананың ұйымдастыруымен жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ілияс Есенберлиннің туғанына 110 жыл толуына орай «Көшпенділер» трилогиясы — ұлттық тарих пен әдебиеттің алтын қазынасы» атты оқырмандар конференциясы өтті.

Маңызды шараны ұйымдастырудағы мақсат — қаламгердің «Көшпенділер» романын тереңірек зерттеу, оның тарихи маңызын, көркемдік ерекшеліктерін және қазақ әдебиетіндегі орны мен ролін талқылау. Сонымен қатар романды қазіргі қоғам мен жастарға таныстыру. Конференцияға кітапхана оқырмандары Қ.Саниязов, Қ.Нұртаза, қалалық мәдениет үйінің қызметкерлері А.Мамбетов, Е.Айдаров, қалалық жастар ресурстық орталығының инспекторы Д.Жәмет, колледж оқытушылары Ж.Ысмағұл, Ж.Шыраева, аудандық орталық кітапхананың кітапханашылары П.Ниязымбетова, Г.Махамашова Г.Мұратбаев атындағы №17 қазақ орта мектебінің ұстаздары, колледж студенттері мен оқытушылары қатысты. Олар туындының тарихи маңызы мен қазақ әдебиетіндегі орны туралы таратып айтты.

Шарада кітапханашылар Ж.Әділбекқызы Ілияс Есенберлиннің өмірі мен шығармашылығына арналған «Аты әлемге мәшһүр жазушы» атты баяндама оқыса, Ж.Әбдірова «Тарих жанрының шебері» атты кітап көрмесімен таныстырды. Қ.Садырова көпшілік назарына «Қазақтың алмас қылышы» атты слайдты ұсынды.

Кітапхана меңгерушісі Ж.Сейталиева: «Ұлтымыздың тарихын тереңінен қозғап жазған жазушының «Көшпенділер» трилогиясы тарихи аңыз қарнақтарының портретінен бастап көркем суреттеліп, асқан шеберлікпен жазылған. Тарихи оқиғаларды осылай жазба әдебиеттің қажетіне жарату Ілияс Есенберлин сияқты ұлы қаламгердің ғана қаламына тән», — деп жиынды қорытындылады.

Ж.ЕРІМБЕТОВА,
кітапханашы

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, АУКЦИОН!!!/ВНИМАНИЕ, АУКЦИОН !!!

«БАНК ЦЕНТМКРЕДИТ» АҚ «17» ақпан 2025 жылы ұлғайту және төмендету бойынша кепілдегі мүлікке аукцион өткізеді. АО «БАНК ЦЕНТМКРЕДИТ» проводит торги по продаже залогового имущества «17» февраля 2025 года на повышение и понижение.

№ р/н п/п	Объектінің атауы/ Наименование объекта	Орналасқан орны/Местонахождение	Кепіл мүлкінің сипаттамасы/ Описание и характеристика залогового имущества	Бастапқы бағасы / Стартовая цена	Кепілдік жарна/ Гарантийный взнос
ЛОТ 1.	Жіліой дом/ Тұрғын үй	г. Қызылорда, мкр. Абу Насыр Аль-Фараби, ул. Абу Насыр Аль-Фараби дом 9 Б. Қызылорда қаласы, Абу Насыр Аль-Фараби м. а., Абу Насыр Аль-Фараби көшесі 9 Б үй	Общей площадью — 141,30 кв.м., жилой площадью — 71,00 кв.м., Жалпы ауданы 141,30 ш.м., оның ішінде тұрғын ауданы 71,00 ш.м.	23 064 964 тенге/тенге	1 153 248,20 тенге /тенге

Аукционға қатысу туралы өтініштер хабарландыру жарияланған күннен бастап қабылданады және Қызылорда қ., Байтұрсынов көшесі 54 мекенжайы бойынша орналасқан «Банк ЦентрКредит» АҚ-да сауда-саттық өткіздерден бір күн бұрын аяқталады.

Сатып алу бағасы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолданыстағы бағамы бойынша келесі мәліметтер бойынша сауда-саттық аяқталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде БИН 910141000018, БИК КСВБКЗКХ, ИИК КЗ218560000000274901.

Сауда-саттық өткізілетін уақыт — Қызылорда қ., Байтұрсынов к-сі, 54. Сауда-саттық басталатын уақыт ЛОТ 1 — 15 сағат 00 минут. Сенімді тұлға — Смайл М.Ә.

Аукцион туралы қосымша ақпаратты телефон арқылы алуға болады: 8 (7242) 55-18-88, ішкі. 79212. 87479358394.

Заявки на участие в аукционе принимаются со дня опубликования объявления и заканчиваются за день до проведения торгов по адресу: г. Кызылорда, ул. Байтұрсынова 54, в АО «Банк ЦентрКредит».

Покупная цена оплачивается в тенге по текущему курсу Национального Банка Республики Казахстан в течение 5 (пяти) рабочих дней после проведения торгов по реквизитам БИН 910141000018, БИК КСВБКЗКХ, ИИК КЗ218560000000274901.

Место проведения торгов — г.Кызылорда, ул.Байтұрсынова 54.

Начало торгов: ЛОТ 1 — 15 часов 00 минут. Доверенное лицо — Смайл М.Ә. Дополнительную информацию по аукциону возможно получить по тел.: 8 (7242) 55-18-88, вн. 79212. 87479358394.

 www.facebook.com/syrboyi.kz/		 https://twitter.com/syrboyi		 www.instagram.com/syrboyi.kz			
Меншік иесі  жауапкершілігі шектеулі серіктестігі		Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053) Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037) Бөлімдер: руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040) экономика – 40-11-10 (1038, 1033) әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034) жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058) есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38 компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)		Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.		Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.	
Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Султан көшесі, 4 "А".		e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz		Таралымы 23930 Тапсырыс №211			
				Кезекші редактор Әділжан ҰМБЕТ			